			<b>2,4 %</b>	<b>61,1 %</b>	<b>26,6 %</b>	<b>9,1 %</b>	<b>9,1 %</b>	<b>0,8 %</b>	<b>0%</b>	<b>8,0 %</b>	<b>79,8%</b>	<b>11,2%</b>	<b>8,8 %</b>	<b>38,7 %</b>	<b>20,9%</b>	<b>40,3%</b>	<b>42,7%</b>	<b>43,5%</b>	<b>13,7 %</b>	<b>86,2%</b>	<b>3,2 %</b>	<b>10,4 %</b>

Қорыта келе интеллект даму деңгейі: 80-100 ұпай аралығында – ақыл ой даму деңгей жоғары – 3 оқушы

60-79 ұпай аралығында –деңгейі орташадан жоғары - 76 оқушы

40-59 ұпай аралығында орташадан деңгей көрсеткен – 33 оқушы анықталды

20- 39 ұпай аралығында яғни төмен деңгей көрсеткен - 12 оқушы анықталды.

Зейін аудару деңгейі: 80-100 ұпай аралығында – зейін аудару деңгейі жоғары – 113 оқушы

70-79 ұпай аралығында орташадан жоғары деңгей көрсеткен - 1 оқушы

60-69 ұпай аралығында орташадан төмен деңгей көрсеткен оқушы жоқ

59 төмен ұпай - төмен деңгей көрсеткен - 10 оқушы анықталды.

Есту арқылы есте сақтау деңгейі: 70-100 ұпай аралығында – есте сақтау деңгейі жоғары – 99 оқушы

60 – 40 ұпай аралығында –деңгейі орташа - 14 оқушы

30 ұпайдан төмен деңгей көрсеткен - 11 оқушы анықталды.

Көру арқылы есте сақтау деңгейі: 100-70 ұпай аралығында – көріп есте сақтау деңгейі жоғары – 48 оқушы

60 – 40 ұпай аралығында –орташа деңгей көрсеткен -26 оқушы

30 ұпайдан төмен деңгей көрсеткен –50 оқушы анықталды.

Оқушылардың қабылдау деңгейі: 100 -86 ұпай аралығында – қабылдау деңгейі жоғары – 53 оқушы

72 – 57 ұпай аралығында –орташа деңгей көрсеткен - 54 оқушы анықталды

43 ұпайдан төмен деңгей көрсеткен - 17 оқушы анықталды.

Оқушылардың ойлау деңгейі: 100 -84 ұпай аралығында – қабылдау деңгейі жоғары – 107 оқушы

67 – 50 ұпай аралығында –орташа деңгей көрсеткен – 4 оқушы

34 ұпайдан төмен деңгей көрсеткен - 13 оқушы анықталды.

Мамыр айында профилактикалық «Сіз бұны білесіз бе?» тақырыбында оқушылардың жазғы демалысқа кету жағдайына байланысты «кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүктіліктің, оларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын-алу» бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Әрбір сабақ соңында жекелей ойын білдіріп, күнделікті кеңес сұрайтын оқушылар да кездесті. Оларға үнемі қолдау көрсетіп, кеңестер мен ұсыныстар беріліп отырады.

Сонымен қатар мектеп ата аналарына да жалпы ата-аналар жиналысында, сонымен қатар класс жиналыстарында баяндамалар оқылып, ата-аналар тарапынан түскен сауалдарға уақытылы жауап беріліп отырды.

Мектеп ұжымындағы мұғалімдер тарапынан да түскен сауалдарға, класс оқушыларымен қарым-қатынастарын нығайту үшін профилактикалық, коррекциялық жұмыстар сұраныс бойынша уақытылы жүргізіліп отырды. Мектептің жас мұғалімдеріне «Мен таңдаған ұлы жол», класс жетекшілер отырысында «Оқушыларды буллингтен қоғай аласың ба?» тақырыбында баяндама, «Мұғалім таңдауы сара жол» тақырыбында психологиялық тренинг жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар «Өрлеу», «Ақтөбе -Дарын» тарапынан ұйымдастырылған облыстық семинарларға үнемі психологиялық тренинг пен рефлексиялық жұмыстары жүргізіліп отырды. Биылғы оқу жылында «Сенім жәшігіне» үш сауал түсіп, дер кезінде уақытында жауап беріліп қажетті жұмыстар жүргізілді.

Жұмыс барысында төмендегідей кемшіліктер кездесті:

- Оқушылардан сауалнамалар немесе тестерді алу барысында уақыттың тапшылығы байқалды;
- Психологиялық шараларды ұйымдастыру барысында оқушылардың толық қамтылмауы кездесті;

**Ұсыныс:**

- Оқу жылының жұмыс жоспарын жетілдіру;
- Мектеп оқушыларымен әр түрлі психологиялық сағаттар өткізу және іс шараларға тарту жұмыстарын күшейту;
- Ата-аналармен, сынып жетекшілермен, мектеп мұғалімдерімен жұмыс мазмұнын толықтыру және тығыз байланыста болу;
- Өзіндік білімдерімізді жетілдіру және психолог кабинетін жабдықтау;

ҚР БжҒМ №348 бұйрығының 2-қосымша, 2-тарауының 25 тармақшасына сәйкес білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде кіріктіріліп жүргізілуде. 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш мұғалімдері іске асырды. «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын ескерту, оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережесі, су қоймасы, от адамның досы және жауы, табиғат, қоршаған табиғи орта сияқты оқыту нысандарына тоғыстырылған. Негізінен білім алушылардың қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және қауіпсіздік шараларын жетілдіру болып табылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылуда. Атап айтар болсақ: 1. Радиоактивтік заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар 2. Радиоактивтік заттарды тастаудан болған апаттар 3. Гидродинамикалық апаттар 4. Адамның табиғатта жалғыз тұруы 5. Жер сілкінісі 6. Дауылдар, желдер және борандар 7. Мектеп жасындағы балалардың жарақат алуының және жарақат алған кездегі естен тануының алдын алу шаралары. 8. Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайлардың алдын алу 9. Қатты әсер ететін улы заттармен уланған кезде алғашқы медициналық көмек

10. Сырғымалар, селдер және опырылып құлаулар

11. Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.

12. Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты

13. Жаралану және жарақат алу және қайғылы жағдайлар кезіндегі алғашқы медициналық көмек

14. Жастардың денсаулығы және өмір сүру тұрпаты

15. Экология теңдігінің бұзылуы.

10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен,

11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен оқу процесі кезінде жүргізіледі.

10-11-сыныпта өмір қауіпсіздігі негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

Төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптастыру мақсатында «ӨҚН» курсы 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні күнтізбелік жоспарына 12 сабақ кіріктіріліп, оқытылады:

1.Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы

2.Ядролық қару және оның сипаттамасы

3. Химиялық қару.

4. Биологиялық (бактериологиялық) қару
5. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары
6. Теріні қорғаудың жеке құралдары
7. Ұжымдық қорғану құралдары
8. Эвакуациялау және бытыраңқы орналастыру
9. Террорлық қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі
10. Табиғи апаттар ауданындағы тұрғындардың әрекеті
11. Жарақаттану, қанау және күйгенде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек
12. Түрлі қайғылы оқиғалар кезіндегі көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.

«ӨҚН» курсы 11-сыныпта да «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні күнтізбелік жоспарына 16 сабақ кіріктіріліп, оқытылады:

1. Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу
2. Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі.
3. Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі
4. Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету
5. Техногендік сипаттағы қауіптілік
6. Техногендік сипаттағы қауіптілік
7. Экологиялық қауіпсіздік
8. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру
9. Табиғи жағдайда автономды өмір сүру
10. Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері
11. Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері
12. Террористік акт қауіп кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету
13. Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері.
14. Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету
15. Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу
16. Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың, өрт қауіпсіздігінің алдын алу және олардан қорғану мақсатында оқу-жаттығу сабақтары өткізілді. Мектепшілік сейсможаттығулар тоқсанына бір рет өткізіледі.

Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру аумағында 7, ғимарат ішінде -10 бейне камера орнатылды. интеграцияланған-4, асханада -2, спорт залда – 1.

Қазіргі таңда барлық камералар жұмыс жасап тұр. Мектеп директорының бұйрығымен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кезекшілік құрылып, бөгде адамдардың келмеуіне жол бермеу шаралары ұйымдастырылды. Тіркеу журналдары енгізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс – шаралар жоспары құрылып, Республикалық «Қауіпсіз мектеп» акциясы өткізілді. Жалпы қауіпсіздік сабақтары, ата - аналар жиналысы өткізілді. Олардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін орындар мен тұлғалар туралы ақпараттарды тіркеуге арналған журнал арналды, Қауіпті аймақтарға ескертпелер ілінді.

Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, мекеме объектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында арнайы өткізу режимі бойынша объектіге кірер есікте келушілерді вахтер құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп-шығуын бақылауға алады. «Террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты» жасалынған. Сонымен қатар, қауіпсіздікті сақтау мақсатында мектептің ішкі (ұлдар, қыздар) әжетханасы іске қосылған және әжетханада кесте бойынша кезекшілер бар.

**2023-2024 оқу жылы** білім алушылардың өмір қауіпсіздігін, жолда жүру бойынша дайындықтарын ұйымдастыру, жолда келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша, 2- тарауының 26-тармақшасына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан: «Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Жаяу жүргінші өтпелері», «Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам», «Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу», «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды», «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Реттелмейтін жол қиылыстары», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру белгілері және таңбалары», «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек»,

«Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», «Темір жол өтпелері», «Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері». «Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік» тақырыптары қамтылған,

5-8-сыныптарда әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі. Онда міндетті оқу курсы: «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары», «Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы», «Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері», «Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары», «Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы» «Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері», «Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі», «Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ әңгімелесу» «Жолда жүру ережелері» «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», «Темір жол өтпелері», «Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру» тақырыптарында тәрбие сабақтарына кіріктіріліп өткізілді. **2024-2025 оқу жылында** білім алушыларға «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылдың 31 тамызындағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының 20-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 18.09.№269 бұйрығының 1 қосымшасы бойынша “Жеке қауіпсіздік” сабақтарының тақырыптары енгіліп, әр сынып сағаттың соңында 10 минут өткізіледі.

### **1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің 2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілген жұмыстар**

Ағымдағы оқу жылының сәуір және мамыр аралығында «Қауіпсіз жол» республикалық жедел алдын-алу іс-шарасы аясында мектеп-гимназия әкімшілігі Ақтөбе унитарлық кәсіпорнының патрульдік полиция батальонының қызметкерлерімен бірлесіп, 5-класс оқушыларымен жол қозғалысының негізгі ережелерін сақтау бойынша тренингтер жүргізді. Балаларға жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы үнемі еске салып отыру керек, оларды көліктің дыбыстық сигналдарын, жақындап келе жатқан көліктің дыбысын естуге, жол белгілерін, көліктерді, жол қозғалысы ережелерін сақтайтын және бұзатын жаяу жүргіншілерді көрсетуге үйретеді, үнемі «Қандай үлкен автомобиль, ол өткенше күткен дұрыс», «Автомобиль қаншалықты жылдам қарбалас!», «Жақсы, неге қарбалас, себебі көлікке соққы беруге болады!» деген сөз тіркестерін үнемі айтып отырады.

Баланы ойлануға, сезімге, тәжірибеге шақырып, «Не істейсің?», «Не болуы мүмкін?» деген сұрақ қойыңыз. Балаңыз жол-көлік оқиғаларына талдау жасасын, белгілердің аттарын, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін есте сақтасын, жол қозғалысы ережелерін бұзған адамдардың мінез-құлқын талқылай берсін. Оған өз ойын еркін (жолдың жүру бөлігінде тұрған жағдайларды қоспағанда) сөйлесуге мүмкіндік беріңіз.



Сонымен қатар, ағымдағы жылдың мамыр айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында отбасы мен мектептің бірлесе әрекет етуі нәтижесінде 1 «Ғ» сынып оқушысы Молдашқалиев Нартай және әкесі Молдашқалиев Серікпен бірге жолда жүру ережелерін, жеке бас қауіпсіздігін сақтау жайлы білімін нығайтуға өз үлестерін қосты.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі» ММ №194 30.07.2024 жылғы бұйрығы негізінде. «SMART BILIM» ЖОББМГ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

**Бағдарламаның Мақсаты:** рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

**Бағдарламаның Міндеттері:**

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
- өз еліне деген мақтаныш сезімін және оның жетістіктерін тәрбиелеу;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы кәзқарасты қалыптастыру;
- өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындықты дамыту;
- білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту.
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
- мінез-құлық пен басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікке тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;
- еңбекқорлық пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;
- басқа біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке кәзқарасты қамтамасыз ету.
- білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру.
- дарынды балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау;
- отбасын тәрбие процесіне тарту.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айысын
- Қаңтар – заң және тәртіп айы

- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

### **Әр айдың іс-шаралары**

күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

### **Апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

### **Жыл сайын:**

- «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.
- «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.
- Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.
- «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

### **«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша және әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысы бойынша:**

Қазақстан Республикасының «әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесі туралы» № 561-VI 16.02.2012 жылғы Заңына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің және Білім және Ғылым Министрлігінің 12.07.2017 жылы қабылдаған № 347 «Алғашқы әскери даярлық сабағын оқыту қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығына, Ақтөбе қаласының білім бөлімі, қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасымен 2024-2025 жылғы оқу жылында қаланың жалпыға бірдей білім беретін мектептерінде АӘТД пәнін оқыту, әскери-патриоттық тәрбие жұмысын жүргізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

2024-2025 оқу жылрында АӘТД пәнінің жылдық бағдарламасының барлық тараулары толық орындалды

2024 жылдың 22 қазан күні № 9 МГ базасында 25 қазан Республика күніне орай өткізілген «Мерген сарбаз-2024» ПВ-дан нысана көздеп ату жарысына қатысып жеке мектептер мөлтектобы арасында 1-орынға ие болды.

Республика күніне орай мектепшілік іс-шараға 11 класс оқушыларынан құрылған ту тобы жасақталып дайындық жұмыстары жүргізілді.24.10.2024ж. Республика күніне арналған салтанатты жиынға ту тобы қатыстырылды.

13 ақпан күні « Ауған соғысының ардагерлеріне мәңгілік тағзым » атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті.Өткен орны: конференц залы.Шақырылған қонақтар:ауған соғысының ардагері – Нұрмағанбетов Бауыржан Избасқанұлымен ..Кездесуге қатысқан оқушылар 10а,ә,б қазақ кластары және 10а,б,в орыс кластары.Қонағымыз оқушыларға Ауған соғысы туралы толық мәлімет берді.Оқушылар ардагер ағаларымен ашық әңгімелесу,сұхбаттасулары өте әсерлі болды.Өз Отанына шексіз берілген,патриоттық рухы жоғары,қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету,Ауған соғысында опат болған

жауынгерлердің рухына тағзым ету, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында ауқымды кездесу ұйымдастырылды.



2025 жылдың 4-наурызында мектебіміздің жоғарғы класс оқушыларымен Ақтөбе облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің әскерден тыс жұмыс бөлімінің бастығы аға лейтенант Махашев Ж.С., Тараз қаласынан Сабыр Рахымов атындағы әскери колледж басығының орынбасары-тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі бастығы майор Жәлел Т.Т., әскери колледждің бас сержанты Шебер-сержант Баймуханов Р.А., әскери колледждің ұландары Ильясов С., Арапхан Я, кездесу ұйымдастырып әскери оқу орындары жөнінде кәсіптік бағыт-бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес ақпанның 24-нан наурыздың 19-і аралығында азаматтық қорғаныс айлығы жоспарланып «1-наурыз бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күніне» арналған іс-шаралар өткізілді және Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар айлығы кезінде мектептің оқушылар құрамымен «ғимараттан жедел шығу» жаттығулары өткізілді. 2025 жылдың 27 ақпанында мектебімізде Ақтөбе облысы ТЖД авариялық-құтқару техникасының қатысуымен «Өрт қауіпсіздігі күніне» орай арнайы сабақтар өткізілді. Білім алушылар мен мектеп ұжымы төтенше жағдайлардың алдын алу туралы ақпараттармен таныстырылды.



17-сәуір күні Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының және қалалық білім бөлімінің бірлескен жоспары бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери оқу орындарына үгіт-насихат жүргізу

мақсатында Қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы полковник Кумаров пен бөлім бастығымен кездесу ұйымдастырылды.



Ұлы жеңістің 80-жылдығы мен Кеңес Одағының батыры, қахарман қазақ қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған патриоттық рухта «Әлия - дастан» атты тағылымды іс-шара өтті. Іс-шараға құрметті қонақтар ретінде:

- Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың сіңілісі – Тәжен Нұрмұхамедқызы,
- ҚР Қарулы күштері қоғамдық бірлестігінің ардагері, төрағасы, отставкадағы полковник, II дәрежелі Айбын орденінің иегері – Сатенов Қажмұқан Асауұлы;
- Ақтөбе облыстық Жастар ресурстық орталығының басшысы Артыгалин Самат Жанболатұлы қатысты. Қонақтар тағылымды әңгімелерімен оқушыларға патриотизм, батырлық, елжандылық туралы құнды ойлар айтып, Әлия ерлігіне тағзым етті. ҚР Ұлттық ұланның №6655 әскери бөлімінің арнайы жасағы көрніс көрсетті.

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесі туралы» № 561-VI 16.02.2012 жылғы Заңына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министірлігінің және Білім және Ғылым Министірлігінің 12.07.2017 жылы қабылданған № 347 « Алғашқы әскери даярлық сабағын оқыту қағидаларын бекіту туралы » бірлескен бұйрығына, қалалық білім бөлімінің 02.05.2025 жылғы № 231 бұйрығы негізінде, 12-16 мамыр аралығында мектеп базасында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің бағдарламасына сәйкес 10 класс оқушыларымен оқу –далалық жиыны өткізілді.



Әскери- патриоттық жұмысты ұйымдастыру және АӘТД пәнінің оқу-материалдық базасын жоспарлап іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

**Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстары бойыншы:**

Парламент ұйымы **қыркүйек** айында құрылып, алғашқы жиынында өз жылдық жоспарын ұсынды. Жоспарға сәйкес ұйым атауын, өзіндік эмблемасын қалап, әлеуметтік желіде өзін-өзі басқару Мектеп ұйымының жеке парақшасын ашты. «Smart Eagles»



**Қыркүйек** айында мектебімізде "Қайырымдылық, жасасаң, қайырын өзің көресің!" атты жақсылық жасап жарысу жермеңкесі өткізілді. Жақсылыққа жаны құмар 4,5,6 сынып оқушыларымыз қолдарынан келген тәтті-тәтті тағамдарын дайындап әкеліп, жәрмеңкеге үлкен үлестерін қосты! Шараның негізгі мақсаты: оқушылардың бойына мейірімділік, жақсылық, адамгершілік және қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді дарыту болды.



**5 қазан** біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде халықаралық ұстаздар күніне орай "Ұстазым, менің ұстазым" атты ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтау челленджі ұйымдастырылды.



**7 қазан** «Мектеп Президентін сайлау» өтті. Сайлауға бірнеше оқушылар өз кандидатурасын ұсынып, жобаларымен таныстырды. Дауыс беру барысында Алишева Зере 11 В қаз сынып оқушысы жеңіске жетіп, мектеп Президенті атанды.

**8 қазан** «Мектеп Парламенті» ұйымының жиыны өтті. Аталған жиында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін қайта сайлау шешімі қабылданды. Нәтижесінде жаңа құрам тағайындалып, әр фракция өз жұмысына кірісті.



**16 қазан** Мектебімізде 7-ші сынып оқушыларымен Y-Peer Qazaqstan, "теңбе-тең" тәсілі арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған еріктілер қозғалысы, буллингтің алдын-алу бойынша тренинг өткізді. Қазақ аудиториясына Сағадатулы Мерей мен Кадіржанова Аяулым; Орыс аудиториясына Утепкалиева Диляра мен Габдижалелов Ербол спикер болды.



**24 қарашада** Мектебімізде 4-5-6 сыныптар арасында өткізілген жәрмеңкеден түскен қаражатты мектебіміздің оқушылары және парламент құрамы азық-түлік ретінде мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетіп, көмегін тигізіп қайтқан болатын. Қашан да қол ұшын беруге даяр жүрер оқушыларымыз алғысқа бөленіп, игі іс жасап қайтқандарын жан-тәнімен сезіне алды.



**28 қараша** күні зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділігі аясында Smart Bilim мектеп-гимназиясында Y-PEER ақпараттық еріктілер желісі өз жұмысын Парламент ұйымымен бірлесе бастады. Осы орайда 10«Ә» қазақ сыныбы оқушыларына Буллингтің алдын-алу

тақырыбында ерікті-тренер ақпараттық кездесу өткізді. Тренингтің мақсаты: жастардың бүгінгі күні кең тараған буллинг мәселесі жайлы ақпараттық қорын арттыру және оны таныта білу.



**15 Желтоқсан** Парламент оқушыларының ұйымдастыруымен 6-7-8 сыныптар арасында «Эко-Арт» көрмесі өтті. Оқушылар қайта өңделетін материалдарды пайдаланып, жаңа бұйымдар жасау арқылы, табиғатты қорғауға үлес қосты. Енбекпен, шеберлікпен жасалған жұмыстарды бағалай отырып, атсалысқан оқушыларға алғысымызды білдіреміз.



**17 желтоқсанда** Білім және құқық министрлерінің ұйымдастыруымен "Club 13.7" атты speaking клубына қатысушылар алынды. Клубтың ұраны: "Ой — табысқа жетудің кілті!" Клубтың мақсаты: Интеллектуалды даму үшін әркімнің өз таланты мен қабілеттерін ашып, стандарттан тыс ойлау, маңызды мәселелерді талқылау және заманауи әлемде табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін шабыттандыратын орта құру.



**18 желтоқсан** Мектеп парламентінің мүшелері оқуда өзара көмек көрсету тобын құрды! Бұл топ оқу қиындықтарына тап болған оқушыларға қолдау көрсетуге және біліммен белісуге бағытталған. Негізгі қағида: «Бірге оқып, бір-бірімізді қолдаймыз». Мақсаты: оқушыларды оқу және жеке мәселелер бойынша өзара көмек көрсетуді ұйымдастыру. Міндеті: Оқушының оқу үлгерімін жақсарту; Сабақ бойынша көмек керек оқушыларға көмектесу; Мектеп қабырғаларында достық пен жайлы атмосфераны нығайту;



**19 желтоқсан** 7-сыныптар арасында «Тарих әлемі» атты қызықты викторина өтті. Шара барысында оқушылар тарих пәнінен білімдерін тексеріп, логикалық, ойлау қабілеттерін шыңдады. Әр қатысушы белсенділік танытып, викторина сұрақтарына барынша дұрыс жауап беруге тырысты. Жеңімпаздар тәтті сыйлықтармен марапатталып, ерекше көңіл-күйге бөленді. Осындай шаралар оқушылардың білімге деген қызырушылығын арттырып, достық қарым-қатынасты нығайта түседі

**20 желтоқсан** күні 5-сынып оқушылары арасында қызықты бағдарлама ұйымдастырылды. Заманауи ойындармен қатар қазақтың дәстүрлі ұлттық ойындары ойнатылды. Іс-шара балаларға уақытты көңілді өткізуді ғана емес, сонымен қатар өз халқынын, мәдени мұрасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Қатысушылар асық ату, қыз қуу және басқа да ұрпақтан-ұрпаққа берілген дәстүрлі ойындарда жарысып, ерекше әсер алды. Бағдарлама жылы достық атмосферамен, жарқын эмоциялармен және қазақ дәстүрлері туралы жаңа біліммен аяқталды.



**23 желтоқсан** күні өзін-өзі басқару тобының оқушылары мектеп өміріндегі «бір күн» атты танымдық видео түсірді. Видеоролик барысында олар мектеп парламентінің жұмысы қалай өтіндігін анық көрсетті




**25 желтоқсанда** жаңа форматта «ұрпақтар диалогы» өтті. Бұл шара жоғары сынып оқушылары мен төменгі сынып арасында сұрақ қою арқылы диалог түрінде болды. Оқушылар өз тежірибелерімен бөлісіп, қиындықты қалай жеңуге болатындығын түсіндірді. Қарым-қатынастың жаңа форматындағы мектеп өмірі өз мақсатына жетті



2024 жылдын 27 желтоқсанында біз екі ауысымда «Дармарка» өткіздік. Мақсаты: әр оқушы өзіне қажет емес, бірақ пайдаға асатын заттарын өзге оқушылармен бөлісу. Іс-шарада әркім өзіне қажетті нәрсені тапты: біреу керек затын, біреу басқаларға көмектесу мүмкіндігін, ал біреу жай ғана шабыт алды. Оқушылар дармаркадан кейін алғыстарын айтып, осындай шаралардың қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

28.01.2025 күні «Болашақ мамандықты қалай таңдау керек» тренингі өтті. Мақсаты: мамандықтар әлемін түсінуге, өз қызығушылықтарын анықтауға және саналы түрде кәсіби таңдау жасауға көмектесу. Тренинг барысында мамандық таңдаудағы қателіктерден қалай аулақ болу керек; табысқа жетуде қандай дағдылар маңызды; қазіргі кезде қандай мамандықтар сұранысқа ие сынды тақырыптар қозғалды.



29.01.2025 «Құшақтасу күніне» орай ерекше челлендж ұйымдастырылды! Мектеп оқушылары жақындарын, достарын және жай ғана көңіл-күйін көтеретін жандарды құшақтап, жылулықпен бөлісті.


30.01.2025 Мектеп өзін-өзі басқару ұйымы қалалық «есірткіге жол жоқ» есірткіге қарсы видео челлендж түсірілді. Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауға тазалыққа, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиелеу.



1.02.2025 Парламент ұйымының қатысуымен «Табиғатты аялайық» эко-челленджі өтті. Бұл челлендж – Қазақстан жастары арасында экологиялық мәдениетті дамытуға, тұрақты әдеттерді қалыптастыруға, сондай-ақ табиғатты аялауға арналған ерекше бастама.



**07.02.2025** мектебімізде құрылған «K-Club: Корей тілі мен мәдениетіне терең үңілу» волонтерлық тобы өз жұмысын бастап кетті. Бұл кездесулерде тек тіл үйреніп қана қоймай, корей мәдениеті мен күнделікті өміріне терең бойлаймыз. Жана сөздер мен грамматикалық құрылымдарды игереміз. Корей фильмдері мен сериалдарын талдаймыз. Корей дәстүрлері, мерекелері мен қазіргі тақырыптарын талқылаймыз. Сабақтарымызда тіл және мәдениет үйлесімін тауып, қызықты әрі мағыналы талқылауларға ұласты.



**09.02.2025ж** Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары тіпті ең кішкентай қадамдардың да үлкен өзгерістерге әкелетінін дәлелдеді! Бірнеше күн бойы балалар пластикалық қалдықтарды жинап, қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосты. Бұл «Eco Madeniet» волонтерлық жоба қозғалысының мақсаты: мектебімізді таза ұстауға көмектесіп қана қоймай, оқушыларға табиғатты қорғауды және планетамыздың болашағына қамқор болудың маңыздылығын түсіндірді. Бүгінгі кішкентай әрекеттер — ертеңгі үлкен болашақ



**10.02.2025** «Choco Day» — 6-7-8 сыныптар үшін асыта күткен күн! Бүгін шоколад та, күлкі де, көңілді сәттер де өте көп болды! Әр оқушы позитив пен тәтті қуатқа толып, көңіл-күйі шарықтады! Мұндай күн ұмытылмас естелік болып қалары сөзсіз!

**19.02.2025** күні 9-11 сыныптарда «Movie day» қойылды. Шараның мақсаты: оқушылардың бос уақытын қызықты әрі тиімді өткізу, жаңа достар табу әрі көтеріңкі көңіл-күй сыйлау



**28.02.2025** Мектеп парламенті "Алтын жүрек" челленджіне қатысты. Бұл күн Қазақстанда «Алғыс айту» күні. Осыған байланысты өзін-өзі басқару құрамындағы ер балалар мектеп ауласының қарын тазалауға өз үлестерін қосты. Бұл мереке игі істер мен адамдар арасындағы жылы қарым қатынастың маңыздылығын еске салады.

**1 наурыз** «Алғыс айту» мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымы мектепте «Ең.. Ең.. Ең...» постерлерін ілді. Мақсаты: оқушылар өздерінің ең сүйікті ұстаздарына алғысты постер немесе ашық хат түрінде жасап, ыстық лебіздерін білдіру болды. Оқушылар өте белсенді қатысты



**8 наурыз** көктемнің шуақты мерекесі - Халықаралық әйелдер күні. Мектебіміздің барша аяулы ұстаздары мен ару қыздарын шын жүректен құттықтадық! Мейірім мен ізгіліктің, даналық пен сұлулықтың символы болған мектеп басшысын ерекше ықыласқа бөледік. «Әлемді мойындатқан нәзік жандылар» атты мерекелік жиын ұйымдастырылды.



**14 наурыз** Көрісу күні - жүрекке жылу сыйлайтын ерекше мереке! Бұл күні мектепте бір-бірімізді жылдың енуімен құттықтап, мұғалімдерімізбен көрісіп, құшақтасып, жылы лебіздерімізді білдіріп, ұлттық ойындар ойнап, көңілді уақыт өткіздік. Достық пен қуанышқа толы керемет күн болды.

**15 наурыз** Жаңару күніне орай Тамаша жаналық! Спаркло фондаматы енді біздің мектебімізде. экологиялық таза өмір салтын қолдауға керемет мүмкіндік! Мақсаты: оқушылар пластик бөтелкелерді қайта өңдеуге тапсырып, бонустар жинау арқылы тек өзіне пайда әкеліп қоймай, қоршаған ортаға да үлкен үлес қосу!

**1 сәуір** "TAZA LIKE" акциясы аясында Халықаралық құстар күніне орай мектебіміздің оқушылары ата-аналарымен және парламент мүшелерімен бірге қала саябағына барып, ұя орнатты.



**7 Сәуір** халықаралық денсаулық күніне орай бастауыш сыныптары Парламент ұйымының қолдауымен челленджге қатысты. Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі. "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде флешмоб өтті.  
«Қайырымдылық – жүректен!»



**8 сәуір** күні мектебімізде 2 сыныптардың қатысуымен жәрмеңке өтті. Сол жәрмеңкеден түскен қаражатқа мектеп парламенті, волонтерлық жоба оқушылары және мектебіміздің ата-аналар комитетінің мүшелері (бастауыш кластың ата-аналарынан) құралған топ "Аяла" балаларды әлеуметтік қолдау орталығына барып, игі іс жасап қайтты. Балалар орталығындағы бүлдіршіндерге қажетті заттар мен киім-кешек, ойыншықтар апарып, шынайы күлкі мен қуаныш сыйлады. Оқушылар бұл сапардан үлкен әсер алып, жақсылық жасаудың қуанышын сезінді.



**Сәуір айының 12** жұлдызында ЖОББ СМАРТ БІЛІМ мектеп гимназиясында ғарышкерлер күніне орай 5 сынып оқушылары арасында "ғарыш әлемі" атты макеттер байқауы өткізілді. Оқушылар ғарыш әлемінің макетін жасау арқылы сол әлемге саяхат жасап қайтты. Түрлі макеттер жасаған оқушылар өздерінің еңбекқорлықтары мен ғарыш әлемінің қызықтарымен бөлісті.



**15 мамыр** Халықаралық, отбасы күніне орай парламент мүшелері «Анаңа қоңырау шал» акциясын ұйымдастырды. Мектеп оқушылары ата-аналарымен байланысып, мерекемен құттықтады! Жылулық пен ризашылыққа толы сәттер телефон арқылы жеткізілсе де, жүректен шыққан әр сөз отбасы мүшелерін қуантты. Отбасы - тірегіміз, қуанышымыз, басты байлығымыз.



**20 мамыр** Өзін-өзі басқару ұйымы 2024-2025 жылы өткізілген шаралар бойынша жылдық есеп тапсырды. Есеп беру барысында жыл бойында кездескен қиындықтары мен сәтті шыққан тұстарын атап өтті. Жыл соңында Парламент мүшелерін мектеп басшысы жеке-жеке марапаттап, еңбектерінің жемісті болғанын айтып, келесі оқу жылына жаңа идеялармен оралуын айтты.

### «ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Мақсаты: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

- “Аялы алақан” тақырыбындағы волонтерлық қызмет
- “Тәуелсіздік күні” патриоттық акциясы
- Волонтерлық қызмет «Бір ел, бір тағдыр, бір болашақ» жастар қозғалысы
- « Үлкенге құрмет кішіге ізет» қарттарымызға қол ұшын созайық акциясы
- « Жер сағаты» экологиялық акциясы

#### «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет

Көмек көрсетуді ұйымдастыру:

- аға буынға
- жануарларға
- қайта өңделген материалдар мен табиғат элементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жем шашар әзірлеу.

### «ҚАМҚОР» жобасы аясында мектебімізде атқарылған іс-шаралар:

**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы-«Таза аула»** – бұл табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны тазалауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мектепшілік немесе қоғамдық акция. 9-сынып оқушылары бұл іс-шараға белсенді қатысып, мектеп ауласын, көшелерді, аулаларды қоқыстан тазартып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Бұл акцияның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, ұжымдық еңбекті насихаттау және экологиялық тәрбиені дамыту. Мектебімізде ұйымдастырылған “Таза аула” экологиялық акциясына тарих-география пәндері бірлестігінің ұстаздары да белсене қатысты. Олар оқушылармен бірге мектеп ауласын қоқыстан тазартып, ағаштар мен гүлдер отырғызуға атсалысты. Ұстаздар өз үлгілерімен жас ұрпақты табиғатты қорғауға, туған жерге жанашырлықпен қарауға баулып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың маңызын түсіндірді.

#### Мақсаты:

- ✚ Қоршаған ортаны таза ұстауға баулу;
- ✚ Экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- ✚ Жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- ✚ Туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру.

Акция барысында география пәні мұғалімдері экология мен жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, тарих пәні мұғалімдері табиғатқа деген құрметтің ұлттық дәстүріміздегі көріністерін айтып, оқушылардың экологиялық санасын


калыптастыруға үлес қосты. Бұл іс-шара ұстаздар мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Қатысушылар сенбілікке шығып, ағаш отырғызу, гүл егу, қоқыс жинау, мектеп-гимназиясының ауласын ретке келтіру сияқты пайдалы істер атқарады. Бұл акция – тек тазалық шарасы ғана емес, сондай-ақ бірлік пен ынтымақты арттыратын маңызды тәрбие құралы ретінде қарастырылған болатын.



**« Қамқоршылар күні» Тәуелсіздік және отаншылдық айы- 29 қазан** – Қамқоршылар күніне орай мектебімізде бірқатар игі шаралар ұйымдастырылды. Бұл күн – қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен ізгілікке толы ерекше мереке. Аталған күн аясында мектеп оқушылары мен ұстаздары белсенділік танытып, қамқорлыққа мұқтаж жандарға көңіл бөлді.

Мектеп ұстаздары оқушыларға Қамқоршылар күнінің мәні мен маңызын түсіндіріп, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қайырымдылық жасау сынды асыл қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етті. Оқушылар қарттарға, жалғызбасты адамдарға, әлеуметтік көмекті қажет ететін жандарға қолдау көрсету мақсатында арнайы құттықтаулар дайындап, мерекелік ашық хаттар мен сыйлықтар табыстады.

Бұл іс-шара оқушылардың жанашырлық, жауапкершілік, қамқорлық сынды адами қасиеттерін дамытып, қоғамға пайдалы болуға, өзгеге мейіріммен қарауға баулиды.



**“Аялы алақан” тақырыбындағы волонтерлық қызмет, акция-** «Смарт Білім» мектеп-гимназиясында 2025 жылдың қараша айында өткізілген «Аялы алақан» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Бұл шараға бастауыш сынып 5-11 сынып оқушылары мен пән мұғалімдері атсалысты.

Акцияның мақсаты – оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу, сондай-ақ әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету. Іс-шара барысында мектеп оқушылары мен мұғалімдер белсене қатысып, түрлі қайырымдылық жұмыстарын атқарды. Атап айтқанда, қарияларға көмек көрсету, тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік пакеттерін тарату, қолөнер бұйымдарын жасап, сатудан түскен қаражатты мұқтаж жандарға аудару сияқты игі істер жүзеге асырылды.

Акция мектеп ұжымының ұйымшылдығын арттырып, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға оң ықпал етті.





**Тәуелсіздік және отаншылдық айы “Тәуелсіздік күні” патриоттық акциясы-** 2024 жылғы желтоқсанның 13 күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен патриоттық акция өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық рухты көтеру және тәуелсіздіктің маңызын ұғындыру болды.

Акция барысында оқушылар Тәуелсіздік тарихына шолу жасап, патриоттық өлеңдер оқып, әндер орындады. Сонымен қатар, әскери оқу-жаттығу түрлері ұйымдастырылып, оқушылар өз қолдарымен жасаған ұлттық нақыштағы өнер туындылары мен шығармашылық жұмыстарын таныстырды.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті, оқушылар белсенділік танытып, ел болашағына үлес қосуға дайын екендіктерін көрсетті.



**Волонтерлық қызмет «Бір ел, бір тағдыр, бір болашақ» жастар қозғалысы-2025** жылғы қаңтар айының 24 күні “Смарт Білім” мектеп-гимназиясында “Бір ел, бір тағдыр, бір болашақ” атты жастар қозғалысы аясында танымдық-патриоттық іс-шара өтті. Шараның мақсаты – оқушылар арасында ұлттық бірлік, татулық пен отансүйгіштік құндылықтарын насихаттап, жас ұрпақты ел болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар мен ұстаздар Қазақстан халқының бірлігі, ортақ тарихы мен болашағы жайында мазмұнды баяндамалар оқып, патриоттық әндер шырқалды. Сонымен қатар, пікірталас алаңы ұйымдастырылып, жастар ел болашағына қатысты ойларымен бөлісті.

Жастар қозғалысы қатысушыларға ерекше рухани серпіліс сыйлап, бірлік пен татулықтың мәнін тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді.

Қатысушылар саны: 120 оқушы мен 15 ұстаз.

Іс-шараның ұзақтығы: 1,5 сағат.

Өткізілген орны: “Смарт Білім” мектеп-гимназиясының акт залы.



**« Үлкенге құрмет кішіге ізет» қарттарымызға қол ұшын созайық акциясы-** “Смарт Білім” мектеп-гимназиясында 2025 жылдың ақпан айында “Үлкенге құрмет, кішіге ізет” атты акция өткізілді.

Аталған іс-шара аясында мектеп ұжымы мен оқушылары қарияларымызға құрмет көрсету, олардың еңбегін бағалау және кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында түрлі тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізді. Акция барысында ардагер ұстаздарға құрмет көрсетіліп, оқушылар тарапынан шығармашылық жұмыстар, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды. Мектеп ұжымының қарт ұстаздары үшін ерекше көңіл күй сыйлады.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың үлкенге деген құрметін арттырып, рухани-адамгершілік тәрбиесіне оң ықпал етті.



**2025 ж наурыз «Жер сағаты» экологиялық акциясы** -2025 жылғы наурыз айында дүниежүзі бойынша «Жер сағаты» экологиялық акциясы өткізілді. Бұл бастама — әлемдік деңгейде қоршаған ортаны қорғауға назар аудару және климаттың өзгеруіне қарсы әрекет етуге **үндеу** мақсатында ұйымдастырылады. Акция барысында адамдар мен ұйымдар **жер бетіндегі электр жарығын бір сағатқа өшіру** арқылы табиғатқа жанашырлық білдіреді.

**Мақсаты** – экологиялық сана қалыптастырып, әр адамның табиғатты қорғауға үлес қоса алатынын көрсету.

**Міндеті** – энергияны үнемдеу, табиғи ресурстарға ұқыптылықпен қарау және климаттық өзгерістерге қоғам назарын аудару. Акция жыл сайын көктемде өткізіліп, оған миллиондаған адам мен мыңдаған қала қатысады.



**Қаламызда жыл сайын өткізілетін «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы 16 бесенді күн» халықаралық акциясына орай жалпы орта білім беретін «Смарт-Білім» мектеп-гимназиясына жасалған іс-шаралар туралы ақпарат.**

1) Оқушыларды мейірімділікке, ізгілікке және жанашырлыққа тәрбиелеу, қоғамдық құндылықтар туралы ой қалыптастыру, шығармашылық қабілетті дамыту және жазу мәдениетін жетілдіру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен 27-ші қараша күні 9,10,11 сынып оқушыларына «Мейірімді қоғам» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Байқау, оқушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Балалар мейірімділіктің маңыздылығын терең түсініп, оны қоғамда сақтау жолдары туралы өз ойларын білдірді. Байқау шығармашылықты дамытумен қатар, оқушылардың азаматтық және рухани тәрбиесіне үлкен үлес қосты.



2) Ағымдағы жылдың 28-ші қараша күні эстетикалық пәндер әдістемелік бірлестіктер оқытушыларының ұйымдастыруымен «Мейірім әлемді құтқарады» тақырыбындағы сурет байқауы өткізілді.

**Мақсаты:**

- ✓ Оқушыларды мейірімділікке, ізгілікке және қамқорлыққа баулу;
- ✓ Оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамыту;
- ✓ Сурет өнері арқылы мейірімділіктің маңызын көрсету.

Байқау барысында оқушылар мейірімділік пен ізгілік идеяларын шығармашылықпен жеткізе білді. Олардың жұмыстарында отбасын қорғау, адамдар арасындағы сүйіспеншілік, отбасы мүшелеріне деген қамқорлық және бейбітшілік идеялары көрініс тапты. Байқау оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, мейірімділікке тәрбиелеуге ықпал етті.



3) Желтоқсан айының 2-5 аралығында дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен акция аясында «Әкем, анам және мен» тақырыбында отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

**Мақсаты:**

- ✓ Отбасылық құндылықтарды нығайту және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту;
- ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау;
- ✓ Оқушылар мен олардың отбасыларының спорттық қабілеттерін дамыту.

Сайыс келесі кезеңдер бойынша өткізілді:

- ✓ «Шығармашылық таныстыру»: Отбасылар өздерін қызықты әрі ерекше жолмен таныстырды.
- ✓ «Эстафета»: Отбасылар жылдамдық пен ептіліктерін көрсетті.
- ✓ «Доппен жарыс»: Әр отбасы дәлдік пен бірлікке негізделген тапсырмаларды орындады.
- ✓ «Теңге жинау»: Отбасылар шапшаңдық пен жинақылық бойынша сыналды.
- ✓ «Арқан тарту»: Топтық күш сынағы өтті.

**Сайыс қорытындысы:**

- III орын – 2 «М» сыныбы «Тұлпар» тобы;
- III орын – 2 «Ғ» сыныбы «Қыран» тобы;
- II орын – 2 «Ә» сыныбы «Келешек» тобы;
- II орын – 2 «И» сыныбы «Смарт» тобы;
- I орын – 2 «Ж» сыныбы «Қайсар» тобы;
- I орын – 2 «А» сыныбы «Ізбасар» тобы.

«Әкем, анам және мен» отбасылық спорттық сайысы оқушылар мен ата-аналар арасында үлкен қызығушылықпен өтті. Іс-шара отбасылық байланыстарды нығайтып, салауатты өмір салтын дәріптеуге үлес қосты. Қатысушылар өзара достық қарым-қатынас орнатып, жақсы көңіл-күйде тарқасты.



4) Зорлық-зомбылықтың отбасыға және қоғамға тигізетін зиянын көрсету, оқушыларды және ата-аналарды құқықтық сауаттылыққа баулу, отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу жолдары туралы ақпарат беру мақсатында «Зорлық – зомбылық отбасы қасіреті» тақырыбында 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында 9 сыныптар арасында акциясы аясында видеоүндеу өткізілді.



*Видео үндеу мазмұны:*

- ✓ Зорлық-зомбылықтың отбасындағы рөлі мен оның салдары;
- ✓ Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары;
- ✓ Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау.

Іс-шара зорлық-зомбылықтың отбасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр қасірет екенін түсіндіруге мүмкіндік берді.

5) Ағымдағы жылдың 5-6 желтоқсан күні акция аясында аға тәлімгерлердің ұйымдастыруымен «Мен бағалаймын.....» тақырыбында 7-8, 10-11 сыныптар арасында бейне роликтер мен челлендж өткізілді.

Іс-шара қатысушыларға өздерінің адамгершілік және отбасылық құндылықтарын көрсетуге мүмкіндік берді. Челлендж әлеуметтік желілерде кең қолдау тауып, көптеген адамдарды оң пікірлер мен идеялармен бөлісуге шақырды.



6) Ағымдағы жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан күні «зорлық – зомбылық отбасы қасіреті» тақырыбында видео үндеу ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда зорлық-зомбылық мәселелерін көтеру, отбасы мүшелерінің бір-біріне құрметпен қарауының маңыздылығын насихаттау, сондай-ақ мұндай мәселелердің алдын алу жолдарын түсіндіру. Іс-шараға 9 сыныптар бойынша 20 сынып қатысты. Видео үндеу арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған маңызды ақпарат жеткізілді.



7) Балалардың зорлық-зомбылыққа қатысты көзқарасын анықтау, олардың мәселеге байланысты ой-пікірін тыңдау және қоғамда зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған шаралардың маңыздылығын көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан күні «зорлық – зомбылық – бала көзімен» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Іс-шараға 1-4 сынып оқушылары қатысты. Видео үндеу үлкен қоғамдық қызығушылық тудырып, әлеуметтік желілерде таралды. Балалар зорлық-зомбылықсыз болашаққа деген үмітін бейнелеп, қоғамға оң әсер етті.



Бүгін біз мектебіміз үшін маңызды әрі ерекше сәттің куәсі болғалы тұрмыз. Бұл – оқушылардың сенімі мен таңдауы арқылы сайланған мектеп президентін ұлықтау рәсімі!

### «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы
- «КҮЗГІ АСАР – 2025» күзгі өнімдер жәрмеңкесі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектебімізде мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар арасында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, ата-аналармен бірге қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өтті. Күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан мақсатымыз күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттап, оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру болды.

### «Мамандықтар әлемі»

16 қаңтар күні “Smart bilim” МГ 10-11 класс оқушылары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде **Математика-Физика** және **Математика-Информатика** бағыты бойынша Heriot Watt кампусының жоғары класстар үшін АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ барған болатын. Кездесу барысында Heriot Watt кампусына түсуге арналған ағылшын тілінен **ТЕГІН** емтихан тапсыра алатының сондай ақ университетке грантқа түсу жолдары туралы айтылған болатын.

4 наурыз күні мектебіміздің 9 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар бойынша Тараз қаласындағы С. Рахымов атындағы әскери колледжінің мамандарымен кездесу өтті.

### «SMART BALA» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы – қатсысушылар жоқ.
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

«Smart Robo Kind» командасы жеңімпаз болып облыстық кезеңге жолдама алды.

"Smart-Bala" жобасы табысты жүзеге асырылуда. Бұл жоба оқушылардың жан-жақты дамуына, заманауи білім мен ұлттық құндылықтарды ұштастыруға бағытталған. "Smart-Bala" аясында балалардың шығармашылық, зияткерлік және технологиялық қабілеттерін дамытуға арналған түрлі іс-шаралар мен жобалар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, оқушылар цифрлық сауаттылықты меңгеріп, өздігінен ізденіп, шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді. Жоба мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттерін дамытып, тәрбиелік және білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

«Smart-Bala» жоба аясында қараша, қаңтар және ақпан айына іс шаралар нақтыланып бекітілген болатын.

Қараша және қаңтар айларында мектепішілік «Startup», «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы ұйымдастырылып, бастауыш сыныптар арасында «Smart Robo Kind» командасы жеңімпаз болып облыстық кезеңге жолдама алды.



2024 жылы 23 қарашада “Ustem foundation” және Ақтөбе облысының білім басқармасының “Ақтөбе-Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен, «Су асты әлемі» тақырыбында First Халықаралық робототехника чемпионатына облыстық кезеңіне «Smart Robo Kind» командасы қатысып жүлделі I орын алып, Central Asia First Championship 2025 жарысына жолдама алды.



2025 жылы ақпан айында Алматы қаласында «Central Asia First Championship 2025» «Smart Robo Kind» командасы қатысып арнайы номинацияға ие болды.

«Smart-Bala» жоба оқушыларға ізденуге және ғылыми стартап жобамен айналысуға жол ашады.



### «ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- “Мектеп театр” жобасы
- “Ұлттық мәдениет” көрмесі
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Домбыра күні» концерт және көрме

### Қазан айы – «Даналық ұстаздан» челленджі

**Мақсаты:** Ұстаздардың даналығын, өмірлік тәжірибесін насихаттау арқылы оқушылардың бойында ұстаздарға деген құрмет пен ынта-жігерді ояту.

Нәтиже: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Ұстаздар күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында Республикалық «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды. 3-класс оқушылары «Ұстазым» әнін орындады.



## “Мектеп театры” жобасы

**Мақсаты:** Оқушылардың өнерге қызығушылығын арттыру, сахналық мәдениетті қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Нәтиже:** Мектебімізде гимназия жанынан құрылған «SmarTeatr» балалар ұжымы қазақ халық ертегісі- «Ер Төстік» ертегісін сахналады. Ертегі жоғары деңгейде өтті. Ертегінің әр кейіпкері көрермен жүрегінен орын тапты. Ұлттық құндылыққа толы ертегілер әлемі ғажап! Бұл шара оқушылардың өз-өзіне сенімділігін арттырып, сахнада еркін сөйлеуіне ықпал етті.



**Мақсаты:** Театр өнеріне қызығушылықты жалғастыру, оқушылардың шығармашылығын одан әрі дамыту.


**Нәтиже:** Жаңа қойылымдар ұсынылып, дарынды оқушылардың қатысуымен көркем сахналық көріністер көрсетілді.



## “Ұлттық мәдениет” көрмесі

**Мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдени мұрасын насихаттау, оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Нәтиже:** Көрме барысында оқушылар ұлттық бұйымдар, тағамдар мен киім үлгілерін таныстырып, дәстүрлі өнермен танысты.



## «Ананың аялы алақаны»

**Мақсаты:** Анаға деген құрметті қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

**Нәтиже:** Мектебімізде 11-сынып оқушылары 8 наурыз меркесіне орай мерекелік концерт қойды. Оқушылар аналар туралы өлең, эссе, сахналық көріністер арқылы анаға деген махаббаттарын білдіріп, мейірімділік, ізгілік сынды құндылықтар кеңінен насихатталды.



Өткізілген барлық іс-шаралар оқушылардың тұлғалық дамуына, өнерге, ұлттық мәдениетке және адамгершілікке тәрбиеленуіне оң әсер етті. Оқушылардың белсенділігі жоғары болды, тәрбие жұмысының мақсатына сай нәтижеге қол жеткізілді. Іс-шаралар мамыр айында жалғасын табады.

#### «Домбыра күні»

Ұлттық құндылығымыздың бірі болған қасиетті қара домбыра көнеден қалған асыл мұрамыз, көзіміздің қарашығы әрі ұлттық кодымыздың айнымас бөлігі. Табиғаттың үнін, тұлпардың дүбірін, адамның сырын шанағынан төгілетін домбыраны қастерлеу, дәріптеу мақсатында мектебімізде А.Е.Кошқарова жетекшілік ететін «Домбыра» үйірмесі жұмыс жасауда. «Домбыра» үйірмесінің оқушылары «Атадан қалған мұрамыз» күй-терме, байқауларына қатысып, өз нерлерін паш етуде. Мысалы, «Нағыз қазақ – домбыра» атты ұлттық өнердің қалалық байқауының «Жас күйшілер»байқауы I дәрежелі дипломмен «SMART домбыра» марапатталды.

Жыл бойы мектепшілік концерттік бағдарламаларда домбырамен ән, күйлер орындалып тұрады.

#### «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

#### Дебат

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында біздің мектепте Дебат клубы жұмыс жасайды.

Клубтың мақсаты:

1. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін және коммуникативтік дағдыларын дамыту.
2. Дәлелді пікірталас жүргізу шеберлігін қалыптастыру.
3. Белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу.

17 қаңтар күні 10 «Ж» сыныбында «Б.П. Қазақстан азаматтарының құқығы сақталады деп есептеледі» тақырыбында дебат өткізілді.

**Мақсаты:** білім алушылардың көп алдында сөйлеу шеберлігін, өзіндік ізденісі мен білімін арттыру. Пропозиция палатасы «Қазақстан азаматтарының құқығы сақталады» деп есептеді. Оппозиция палатасықарсы ұстанымда. Қорытындылай келе, жақтаушылар өзіндік пікір, аргументтерімен басымдық танытқандығын сарапшылар ойын соңында хабарлап, марапаттады.



Ағымдағы жылдың 12 наурыз бастауыш сынып оқушылары арасында «Ауылда тұрған денсаулыққа тиімдірек» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

**Мақсаты:**

- Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру;
- Зияткерлік қабілеттерін, тапқырлығын, логикалық ойлауын дамыту;
- Топпен жұмыс жасауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу;
- Отаншыл, білімді, жан-жақты тұлға тәрбиелеу.


Оқушылар 3 топқа бөлініп, ел, жер туралы қызықты сұрақтарға тапқырлықпен жауап берді. «полиглот» кезеңінде 3 тілді де жетік білетіндерін көрсетті. Озып шыққан оқушылар ойын соңында марапатталды.



9-сынып оқушылары арасында «Б.П. Шетелде білім алу тиімі деп есептеледі» тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Оқушылар берілген тақырыпта өте жақсы ізденіп, дайындалып келген. Дебат қызықты әрі тартысты өтті. Ойын ережесі қатаң сақталды. Оқушылардың тақырып аясында білімді, жан-жақты екендіктері байқалды.



8-11 сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой мен шешен тіл» зияткерлік ойыны және «Б.П. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болғанды құптайды» тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту; Жеке пікірін ашық әрі нақты жеткізуге үйрету; Елге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл сайыс барысында жақтаушы топ «Біз өз елімізде өмір сүріп, соны көркейтуге міндеттіміз. Өз елінде қарапайым болсақ та, өз тамырымыз, дәстүріміз бар жерде өмір сүрген дұрыс» деген пікірді жқтап, өз аргументтерін орынды келтіре білді. Даттаушылар да қалыспай, «Бүгінгі таңда жаһандану заманында адам қай елде білім мен мүмкіндік көп болса, сол елде дамуға ұмтылады. Шет елде еңбек етіп, елге пайда келтіруге де болады. Мақал қазіргі заманмен сәйкес келе бермейді» деген мысалдар келтіріп, өз шеберліктерін танытты.



7-сынып оқушылары арасында «Б.П. Сандық технологияны қолдану экономикаға да тиімді, азаматтарға да ыңғайлы деп есептейді» дебаты және «Тіл жүйрікте кім жүйрік?» тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың әр саладан алған білімдерін кеңейтіп, білім деңгейлері мен шығармашылық ізденістерін байқау; өз ойларын нақты, жылдам, жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. Қорытындылай келе, Әбдіжамат Салтанат, Табынова Фарида, Жақсылық Актілек сайысқа белсене қатысқандары үшін марапатталып, Ұзақова Еркеназ III орын, Айтбағанбетов Асланбек II орын, Жұбатқанова Қарлығаш I орынды иеленді.



10 желтоқсан 2024 жылы 3-сынып оқушылары арасында «Бірлік түбі – береке» тақырыбында интеллектуалды ойын өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларға бірлік, ынтымақ, достық ұғымдарын түсіндіру; Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Топпен жұмыс істеу арқылы зияткерлік қабілеттерін дамыту. Ойын 5 кезеңнен тұрды: «Таныстыру», «Білгенге маржан», «Мақал – сөздің мәйегі», «Сөз құра», «Суреттер сөйлейді». Оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысты.



8-сыныптар аралығында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ел ертеңі – білімді ұрпақ» тақырыбында интеллектуалды ойын және өткізілді. Ойын төмендегідей кезеңдерден тұрады:

- «Тапқыр болсаң, біліп көр»;
- «Мықты болсаң, тауып көр»;
- «Білгіш болсаң, саралап көр»;
- «Білгіш болсаң, тауып көр»;
- «Ақын болсаң, ұйқасын тауып көр».

Оқушылар ойын барысында қызықты сұрақтарға жауап беріп, өздерінің ой ұшқырлығын, терең білімді екендігін танытты. Ойын өте тартымды өтті. Жеңімпаздар марапатталды.

Сонымен қатар, ақпан айында «Ойнайық та, ойлайық» тақырыбында квест өткізілді. «Ойнайық та, ойлайық» - бұл балалардың логикалық ойлау қабілеті мен тапқырлығын дамытуға бағытталған қызықты квест ойыны. Ойын барысында қатысушылар әртүрлі жұмбақтар шешіп,

тапсырмаларды орындау арқылы келесі кезеңдерге өтті. Бұл ойын ұжымдық жұмыс пен зейінділікті арттыруға, сонымен қатар ойын арқылы ойлануға мүмкіндік береді. Мұндай квесттер балалардың шығармашылық қабілетін де жетілдіреді.



### Зияткерлік ойындар

Мектепте зияткерлік ойындар жыл бойы тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.. Мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру және білімдерін тереңдету.

Атап айтсақ: 25 қазан Қазақстан Республикасы күніне орай «Республикам-мақтанышым!» тақырыбында интеллектуалды ойыны, Тәуелсіздік күніне орай «Тарих білгірлері» викториналық ойыны, Наурыз мерекесінде «Асық ату», «Бес асық», «Аударыспақ» ұлттық ойындары және т.б.

Жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша «Ақбота» интеллектуалды олимпиадасына, «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалды олимпиадасына оқушылар қатысты.

### «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап-өмір ұстазы» атты бастауыш сыныптарда оқу бұрышы мен «Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру.



2024 жылдың қазан айында 1-сынып оқушылары арасында «Әжемнің ертегілері» оқу марафоны өткізілді. Марафонның мақсаты: Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, қиялын дамыту, адамгершілік пен шындыққа тәрбиелеу басты мақсатымыз.

Халқымыздың асыл мұрасы – ауыз әдебиеті ертегілерін дауыстап оқу арқылы бүлдіршіндер ұшқыр ойын, сөздік қорын шындап, кітап оқуда белсенділігін таныту. Оқушылар демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында жас буынның кітап оқудағы белсенділіктері артуда.



2024 жылдың 27-29 қараша аралығында мектеп кітапханасы мен «Балалар кітапханасы» жоспарына сәйкес «КІТАП SHOW-2024» атты фестиваль ұйымдастырылды. Фестивальдің мақсаты: Оқушылардың кітап оқу белсенділіктерін арттыру, кітап оқуды қолдау, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту, жеке тұлғаның ақпараттық сауаттылықтарын және оқу мәдениетін қалыптастыру. Фестиваль бес кезеңнен тұрады: фестивальдің ашылуы, «Библио спорт» спорттық ойындары, «Кітап әлемі» атты декор жұмыстарын жасау, «Ертегілер еліне саяхат» ертегі қойылымын қою, «Кітап патшалығында» викториналық ойыны, фестивалдің жабылуы, марапаттар.

«КІТАП SHOW-2024» фестивалінің ашылуы және «Кітап әлемі» декор жұмыстары



### «Библио спорт» ойындары



### «Ертегілер еліне саяхат»



## «Кітап патшалығында» викториналық ойыны



2024 жылдың желтоқсан айында «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100-жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырылып өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларға жазушы өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, әлемге танылған әйгілі шығармасы туралы білімдерін толықтыру, көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын ояту.

Әдеби кеш барысында балаларға жазушының өміріне арналған видео таныстырылым көрсетілді. «Бұлақ» өлеңдер жинағынан өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды. Әлемге танымал болған «Менің атым Қожа» шығармасынан үзінді қойылым қойылды. Қожаның рөлі мен шығармадағы кейіпкер рөлдерінде әдемі көрсетіп шықты. Жазушы шығармаларынан кітап көрмесі ұйымдастырылды, шығарма туындылары таныстырылып өтті. Әдеби кеш «Қожа: жаңа саяхат» фильмін кинотеатрда көрумен жалғасты.



2025 жылдың қаңтар айында «Мен оқимын, сенде оқы» каникулда кітап оқимыз атты 2-4 сыныптар аралығында оқу марафоны ұйымдастырылып өткізілді. Оқу марафонының мақсаты: кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру, каникул кезіндегі бос уақытын тиімлі пайдалану.



2024 жылдың ақпан айында «Шын жүректен кітап сыйла» челлендж ұйымдастырылып өткізілді. Челленджге 1-4 сынып оқушылары қатысты. Челлендждің мақсаты: кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні, бұл кітап оқуды сүйетін және ұнататындардың мерекесі. Әдетте бұл күні бір-бірімен кітап алмасады немесе бір-біріне сыйға тартады. Жаңа, қызықты, танымдық кітап оқу – кез келген адам үшін үлкен қуаныш және кітап әрқашанда ең керемет сыйлық болып қала береді. Оқушылар мектебіміздің кітапханасына алуан түрлі

қызықты кітаптарды сыйға берді. Челлендж барысында 250 дана көркем әдебиетпен толықты.



2024 жылдың наурыз айында «Бір мақал, бір бауырсақ» атты челлендж өткізілді.

Челленджге 1-4сынып оқушылары және мектеп ұстаздары қатысты. Мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, мақал-мәтелдер арқылы даналықты ұрпаққа жеткізу. Осындай қарапайым ғана шаралар арқылы да сөз анасы саналатын мақал-мәтелдеріміздің маңызын ұғындыруға болады.



**«SmartBilim» мектеп-гимназия кітапханасының жылдық атқарған жұмыстар бойыншы:**

**Мақсаты:** Оқу тәрбие үрдісінде мұғалімдер мен оқушыларды кітапханалық – библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

**Міндеті:** Кітапханалық жаңа технологияны енгізу арқылы мұғалімдермен байланысты нығайта отырып, кітапхана қорын толықтыру, оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілу деңгейін көтеру.

2024-2025 оқу жылында қолдануға рұқсат еткен оқу басылымдарының тізбесінің негізінде оқулықтар сатып алынды. Тапсырыс берілген оқулықтар толығымен алынды. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша “Алматы кітап”, “Атамұра”, “Мектеп”, “Арман-ПВ”, “Келешек-2030”, “Көкжиек-Горизонт”, “НЗМ”, “Қазақ энциклопедиясы” баспаларынан оқулықтар келіп түсті. Кітапхана қорында 65 959 дана оқулықтар мен көркем әдебиет бар.

Оқулықтар өңделіп, оқушыларға таратылды. 1-11 сынып оқушылары 100 пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. 2024-2025 оқу жылының басында кітапхана жоспары бекітілді. Сонымен қатар кітапханада пән мұғалімдермен бірлесе отырып мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Оқу жылының басында оқырмандар формуляр бойынша қайтадан тіркеліп, кітапханамыздан оқушылар мен мұғалімдер әдеби кітаптар, керекті материалдарын алып тұрады. Кітапханада сондай-ақ есеп тапсыру, кітапхана құжаттарын реттеу, қорды тексеру, қарыз оқырмандар тізімін іріктеу, жоспар бойынша жұмыс жасау, кітап тазалығын тексеру, қоңырау кезінде төменгі класс оқушыларымен дауыстап оқу, мәнерлеп оқу жұмыстары жүргізіліп отырады.

Қыркүйек айының 4-і күні 1 сыныптар оқушылары 1-қыркүйек –Кел балалар оқылық «Кітапханаға саяхат» атты кітап көрмеге келді. Мақсаты: Кітапханамен танысу, кітапқа деген қызығушылықты қалыптастыру. Кітапханаға экскурсия, кітапхананы пайдалану ережелері, қормен, тақырыптық сөрелермен, кітап көрмелерімен танысу, бастауыш сыныпқа арналған кітапханада бар мерзімді басылымдарды қарау.



С учениками 1 класса 4 сентября была проведена экскурсия в библиотеку на тему «Путешествие в библиотеку». Цель экскурсии: в библиотеку было ознакомление детей с профессией библиотекарь, заинтересовать детей вместе с родителями на регулярное посещение библиотеки. Ребята с удовольствием рассматривали стеллажи с детской художественной литература, увидевшись многообразию книг с красочных журналов, узнали что такое абонемент с читальный зал, как стать читателем библиотеки.



5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» атты кітап көрме ұйымдастырылды. Оқушылардың ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру. Ана тілін сүйуге, ана тілін ардақтай білуге тәрбиелеу. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру, тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу.



В библиотеке 5-сентября с учениками 3 «Е» класса было проведено День языков народов Казахстана на тему «Родной язык - душа народа». Цель: формирование у учащихся казахстанского патриотизма посредством культурного наследия народов Казахстана, активизация у учащихся познавательного интереса к познанию и изучению государственного языка; воспитание у учащихся любви, уважения, толерантности к культурам, историческому прошлому и наследию народов, проживающих в Казахстане.




ҚР-ның «Отбасы күні» орай «Отбасымыз оқырман» атты 3-4 сыныптар арасында фотоколлаж ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасының қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ел» жобасы бойынша «Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс» атты акциясы аясында 17 қазан 10 «Б» сыныбына Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай "Халық қаһарманы Р. Қошқарбаев" атты ерлік сағаты өткізілді.

Ерлік сағатының мақсаты: қазақ халқының қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, оқушыларды патриот болуға, ізденімпаздылыққа баулу, елін, жерін қорғай білуге ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ерлік сағаты барысында оқушыларға арнайы бейне деректер, фильмнен үзінділер көрсетілді. Оқушылар Р. Қошқарбаевтың ерлігі жайлы баяндап, өлеңдер оқыды.



25 қазан Республика күніне орай “Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!” атты 3 “Ж” сыныбымен танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту. Мемлекеттік тілді білу және құрметтеу.




25 октября ко Дню Республики с учениками 2 “Д” класса была проведена познавательный час на тему “Наш независимый Казахстан”.

Цель: формирование гражданина и патриота, обладающего нравственными и лидерскими качествами, чувства гордости и уважительного отношения к государственным символам, традициям, истории, культуре своей страны Республики Казахстан.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап-өмір ұстазы» атты бастауыш сыныптарда оқу бұрышы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру.



«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ел» жобасы аясында «Әжемнің ертегілері» атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға, оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру, ертегілер арқылы жалпы дамуға рухани құндылықтарды бойларына сіңіру; Кітап оқудың, оның ішінде ертегілерді оқудың маңызын ашу, ертегілерді насихаттау жолдарын көрсету.





“Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ел” жобасы аясында балаларға жақсы үлгі көрсету, жастарды патриотизмге, еңбекті сүйеге, жалпыұлттық құндылықты, әрбір оқушының бойына сіңіруге, оқушыларды кітап оқу үшін кітапханаға тарту мақсатында “Кітапханаға кітап сыйла” акциясы ұйымдастырылды.



Кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу және оқу қорын сақтау мақсатында мектеп кітапханасының жұмыс жоспарына сәйкес 2024 жылы 18-22 қараша аралығында “Қалың қалай оқулық?” атты мектеп оқушыларының оқулықтарына рейд жүргізілді. Рейд барысында оқушыларға мектеп кітапханасы қорынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері, кітаптардың бүлінуі мен жоғалуы үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Мектеп кітапханасының оқулықтарының жай-күйін тексеруге 7 адамнан тұратын комиссия құрылды. Тексеру келесі позициялар бойынша жүргізілді:

- Оқу құралының сыртқы түрі мен жай-күйі (жөндеу, белгілерді жою);
- Алынбалы оқулық мұқабасының болуы;
- Оқулықтардың сақталуы ("жоғалтулардың" болмауы);
- Оқулықтарда бетбелгілердің болуы.


Қорытынды: бастауыш сынып оқушыларының оқулықтар жағдайы қанағаттанарлық; орта буын оқушылары кітаптарына қамқорлықпен қарайды, кітаптарын ретке келтіру туралы балалардың кейбір санаттарына ескертулер жасалды. Сынып жетекшілері бұл мәселені бақылауға алды. .

Біз барлық оқушыларды мектеп оқулықтарын күтіп ұстауға шақырамыз. Оқулықтарды сақтай отырып, біз мемлекеттік мүлікті қорғауды үйренеміз және азаматтық тұрғымызды тәрбиелейміз!




«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ел» жобасы аясында Әбдіжамал Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай «Қан мен тер» трилогиясына буктриллер ұсынылды. Мақсаты тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау, Оқушыларға романның негізгі

оқиға желісін меңгерту, тақырыбын ашу, трилогияның негізгі ойын ашуға үйреті. Оқушылардың ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.



15-қараша Ұлттық валюта күніне орай 5 сыныптарға «Ұлттық теңге мәртебесі» атты викториналық ойын ұйымдастырылды. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың - мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.



Ко Дню Национальной валюты-тенге, в 5-х классах была организована викторина «Тенге-валюта Казахстана». Цель: помочь учащимся определить роль и место национальной валюты - тенге, воспитание казахстанского патриотизма и любви к Родине, уважение к символам государства.



2024 жылдың 27-29 қараша аралығында мектеп кітапханасының «Балалар кітапхана» жобасы аясында жоспарына сәйкес «КІТАП SHOW - 2024» атты фестивалі ұйымдастырылды.

Фестивальдің мақсаты- оқушылардың кітап оқу белсенділігін арттыру, кітап оқуды қолдау, көркем әдебиетке деген қызығушылықты ояту, жеке тұлғаның ақпараттық салауаттылығын және оқу мәдениетін қалыптастыру.


С 27-29 ноября 2024 г в школьной библиотеке будет проводится фестиваль книжной выставки под названием «КІТАП SHOW - 2024» в рамках проекта «Детская библиотека».

Цель фестиваля – повышение читательской активности учащихся; поддержка чтения; пробуждения интереса к художественной литературе; формирование информационного здоровья личности и культуры чтения.

Фестиваль бес кезеңнен тұрады: Фестивальдің ашылуы, Открытия фестивалі, «Библио спорт» алаңы: тоғызқұмалақ және шахмат ойындары, Поле «Библио-спорт» тоғызқұмалақ и шахматные игры, «Кітап әлемі» атты кітаптардан декор жасау, На тему «Страна книг» сделать декор из книг, «Ертегілер елінде саяхат» атты бір ертегіден қойылым қою, Спектакль по сказке «Путешествие в страну сказок», «Кітап патшалығында» атты викториналық ойын-сайыс, Игра-викторина «В царстве книг» Жабылуы салтанаты, марапаттау. Фестивальға 1-4 сыныптар қатысты.



16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай 7 “Б” сыныбымен “Тәуелсіз елім-Қазақстан” атты танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды Қазақстан Республикасы өз алдына дербес ел болуына 33 жыл толуымен таныстыру, тамыры терең тарихын еске түсіру. Оқушылардың білім деңгейін топтық жұмыс барысында арттыру арқылы өз еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін таныта білуге үйрету. Оқушылардың тілін, ой-өрістерін, дұрыс сөйлеу дағдыларын, қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылыққа баулу. Отанын сүйуге, мақтаныш етуге, еліміздің нағыз азаматы бола білуге, ұйымшылдыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



Интерактивный час: "Вершины Независимости". Цель мероприятия: воспитывать чувство патриотизма и любви к родине, гордиться историей своей независимой страны, прививать чувство ответственности за будущее Казахстана, поднять праздничное настроение. Независимость является главным богатством любого государства. Разные народы, по-разному добиваются независимости, через революции, войны, национально-освободительные войны. Для Казахстана события декабря 1986 года стали началом стремления народа к суверенитету, самоопределению. В 1991 году 16 декабря Верховным советом РК был принят Конституционный закон «О государственной независимости РК».



Ақын, Қазақстан халық жазушысы, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әліге 90 жыл толуына орай “Қазақтың дана-Қадыры” атты 8 сынып арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты: Қадыр ақынның жырларын, туған жерге деген өлеңдерін оқырман қауымға насихаттау.



Оқушыларға көркем әдебиетті қолдануды насихаттау мақсатында “Кітап алтын қазына” атты 2-3 сыныптарға түсіндіру жұмыстары өткізілді. Мақсаты: Көркем әдебиетті пайдалану арқылы оқушыларға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін таныту, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыру, тарихи оқиғаларды түсіндіру.




В январе среди учащихся 3-4 классов был проведен библиотечный урок на тему «Чудо, имя которому-книга» Цели: - расширить знания детей об истории создания книги; расширить кругозор учеников в области художественной литературы;- развивать интерес к чтению; воспитывать чувство уважения к создателям книг.



ЖОББ «Smart BILIM» мектеп-гимназия кітапханасының жоспарына сәйкес 14 ақпан- “Халықаралық кітап сыйлау күні”! «Балалар кітапханасы» және «Оқуға құштар мектеп» жобаларын жүзеге асырып, “Кітапханаға кітап сыйла” челленджі ұйымдастырылды. Бұл челлендждің мақсаты – кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту. Кітапханаларды жаңа кітаптармен қамтамасыз етіп, оқырмандарды білім алу мен оқу мәдениетін қолдауға ынталандыру. Сонымен қатар, ол қоғамдағы кітапқа деген қызығушылықты арттырып, кітапханалардың қорын байытуға көмектеседі. Бұл арқылы сіз басқа адамдарға да жаңа кітаптармен танысуға мүмкіндік бересіз. Мектебіміздің кітапханасына “Кітапханаға кітап сыйла” челленджінен 250 дана көркем әдебиеттер және ертегілер жиналды.




14 ақпан- «Халықаралық кітап сыйлау» күнін атап өту мақсатында 11"Б" қазақ классының оқушылары, класс жетекшісі-Жусупова Гульмира Жакешевна және мектеп кітапханашылары: Смайлова Гульсим Аксериковна мен Узакова Ақмарал Андешевна 2"Е" класс оқушыларына "Кітап сыйла досыңа" атты сабақтан тыс шарасын өткізді. Шараның мақсаты оқушыларды кітап оқуға баулу, атаулы күннің тарихымен таныстыру және білім алудың негізгі көзі кітап екенін насихаттау болды. Жоғарғы класс оқушылары бастауыш оқушыларымен бірігіп тапсырма орындап, кітаптың бетбелгісін қолдан жасап, интербелсенді ойындар ойнап уақытты тиімді өткізді. Аталған шара аясында жоғарғы буын оқушыларға кітап сыйлап, кітапты көп оқуға шығарды.



14 ақпан- «Халықаралық кітап сыйлау» күніне орай тәрбие сағаты өтті. Бұл шараның басты мақсаты-оқушыларды кітап оқуға баулу, оның құндылығын түсіндіру және жақындарына кітап сыйлау дәстүрін қалыптастыру. Шара барысында 11 «В» қазақ сынып оқушылары мектеп кітапханасына естелік ретінде 30 дана кітап сыйлады. Бұл кітаптар-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар шығармалар, ұлттың рухани қазынасын байытатын туындылар. Әдебиетті дәріптеу арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту-осы бастаманың негізгі мақсаты.



Қазақ жазушысы Ілияс Есенберлинге 110 жыл толуына орай библиографиялық шолу жасалынды. Мақсаты: қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты қалыптастыру, патриоттық сезімге, өз мемлекетіне, өз халқының тарихына деген сүйіспеншілік пен мақтанышқа тәрбиелеу.



1-Наурыз Алғыс айту күніне «Алғыс ізгі ниет» атты «Д» сыныбымен өнеге сағаты өткізілді. Мақсаты: Алғыстың мағынасын түсіну және оның өмірдегі рөлін анықтау. Отанға, туған жерге ризашылық білдіруді үйрену. Өзіндік ой-пікірін жеткізуге дағдылану.



К 1 марту -День благодарности была проведена познавательный урок на тему «Благодарность без границ» с учащимися 2 класса с целью: Познакомить учащихся с новым праздником, появившимся в Казахстане; распространить понятие «день благодарности народам»



22-Наурыз «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мерекесіне орай «Ұлттық салт дәстүр-ұрпаққа мұра» атты 5 сыныптар арасында сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу, Халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптеуге, қастерлеуге үйрету, Сайыскерлердің ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту, өз ойын жеткізе білуге, ізденуге.



«Балалар кітапханасы» жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар арасында челлендж ұйымдасытырылды. Мақал- мәтел айтуға мектебіміздің жоғарғы сынып оқушылар және ұстаздары қатысты. Мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, мақал-мәтелдер арқылы даналықты ұрпаққа жеткізу. Осындай қарапайым ғана шаралар арқылы да сөз анасы саналатын мақал-мәтелдеріміздің маңызын ұғындыруға болады.




2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Кітап рухани қазына» атты библиотекафе ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға кітаптың қаншалықты құнды, бағалы дүние екендігін түсіндіру. Баға жетпес білім қоры екенін ұғындыру. Кітап оқуға саналы түрде баулу. Өз білімдерін талдап, ойларын тұжырымдауға дағдыландыру. Өздерін алған білімдері арқылы жақсы әдеттерге бейімдеу. Көркем сөйлеуге, ұқыптылыққа, мәдениетті болуға тәрбиелеу.



23-Сәуір «Дүниежүзілік кітап» күніне «Кітап тарих, шежіре!» атты танымдық сағат өткізілді. Көпшіліктің назарын оқуға, кітапқа аудару, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру





«Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмінен көрініс қойылды. Оқушыларға Бердібек Соқпақбаев өмірі мен әлемге танылған шығармасы туралы білім беру, толықтыру; «Менің атым Қожа» шығармасымен таныстыру. Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру, ояту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушыларды тәртіпті болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.



«Балалар кітапханасы» жоспарына сәйкес 1 қазақ және орыс сынып оқушылары арасында «Менің Отаным-Қазақстан» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Балаларды өз Республикасына, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



### **АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам

### **АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу – білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектептерде түрлі алдын алу шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Алдын алу шараларының мақсаты – оқушылар үшін қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, оларда жауапкершілік, адамгершілік, құқықтық және қауіпсіздік мәдениетін дамыту.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, буллингтің, сыбайлас жемқорлықтың және діни экстремизмнің алдын алу бойынша сынып сағаттары мен кездесулер өткізілді.

Құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмысы бірнеше бағытта жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ оқушылар мен ата-аналар чаттарында балалардың құқықтарын қорғау тақырыбында жадынамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп ішінде ақпараттық стендтер мен сенім телефондарының нөмірлері орналастырылды.

Оқушылар мен ата-аналарға педагогикалық әлеуметтік көмек көрсету, бала құқықтарының бұзылуы және басқа да мәселелер бойынша қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді.

#### **2024–2025 оқу жылында есепте тұрған оқушылар саны:**

Мектепшілік есепте тұрғандар – 1, оқу жылының соңында 1 оқушы есептен алынды.

Тәуекел топтағы оқушылар – 12, 1 оқушы оқу жылының соңында есептен шығарылды.

Қалалық ІБ есебінде тұрғандар – 0

#### **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы**

Жоба аясында оқушылардың ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет және кибергигиена мәселелері бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ:

- Ақпараттық қауіпсіздік негіздері бойынша дәрістер ұйымдастырылып, оқушылар парольдерді қорғау, әлеуметтік желілерде қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен танысты.

- Кибермәдениет пен интернет-этика тақырыптарында пікірталастар өткізіліп, оқушылар онлайн ортада әдептілік пен сыйластықтың маңызын талқылады.

- Арнайы шақырылған мамандар мен психологтар кибергигиена қағидаларын түсіндіріп, жеке деректерді қорғау және цифрлық қауіпсіздік бойынша тәжірибелік кеңестермен бөлісті.

5 сынып оқушыларымен «Интернет желісіндегі менің қауіпсіздігім» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты – теориялық білімді тәжірибелік тапсырмалар мен пікірталас арқылы бекіту болды.

10 және 11 сынып оқушылары Ақтөбе ҚП№2 КЖП Мыңжасарова Рауан ұйымдастырған «Интернет-алаяқтықтың алдын алу» тақырыбындағы онлайн-видеоконференцияға қатысты. Конференция барысында қазіргі интернет-қауіптер және олардан қорғану жолдары талқыланып, алдын алу шаралары ұсынылды.

**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** жобасы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды кезеңге айналды. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар оқушылардың киберқауіптер туралы хабардарлығын арттырып, интернеттегі ақпаратқа сыни көзқараспен қарауға және сақтық шараларын ұстануға үйретті. Мамандардың қатысуы мен сабақтардың тәжірибелік бағыты оқушыларға цифрлық ортада жауапкершілікпен әрекет етудің маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңдағы аса өзекті, балалар мен жасөспірімдердің интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалануын көздейтін жобалардың ең маңыздысы – цифрлық әлемде қауіпсіз қадам жобасы. Жоба – киберқауіпсіздік ережелерін үйрету мен әлеуметтік желілерде өз деректерін қорғау, фишинг пен интернет алаяқтықтан сақ болуға тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады.

Оқушыларға арналған тренингтер, ата-аналармен кездесу, қауіпсіздік ережелерін түсіндіретін буклеттер мен бейнероликтер ұйымдастыру осы жобаның аясында жүзеге асырылады.

Жоғарыдан аталған жоба аясында мектебімізде Полиция департаменті бастығы А. Жусуповтың, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ж. Батырханның, облыс прокурорының орынбасары Абзал Гилимнің және облыстағы барлық мектеп, колледж директорлары, прокуратура және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ЖОББ «Смарт Білім» мектеп-гимназиясының қабырғасында өткізіліп, мектебіміздің 80 білім алушысы, 35 педагогі, 68 ата-анасы қатысып, құқық бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.



### **Буллингтен қорған!**

Буллингтің алдын алу мақсатында оқушылар арасында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, эмоцияларды басқаруға және жанжалдарды шешуге бағытталған ойындар, әңгіме сағаттары мен сынып сағаттары өткізілді. Іс-шаралар барысында оқушылар өз эмоцияларын тануға, оларды басқаруға және тиімді түрде білдіруге үйренді.

Сонымен қатар, буллинг ұғымы, оның салдары және оған қарсы әрекет ету жолдары талқыланды. Оқушыларға жанжалдарды шешудің тиімді әдістері – диалог жүргізу, тыңдай білу және түсіністік таныту жолдары үйретілді.

Барлық іс-шаралар интерактивті форматта өткізіліп, рөлдік ойындар мен топтық тапсырмалар арқылы оқушылар нақты тәжірибе жинақтады. Бұл жұмыстар балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және достық, қолдау атмосферасын қалыптастыруға бағытталды. Буллингтің алдын алу бойынша төмендегідей біршама іс шаралар атқарылды:

- Буллингтің алдын алу бойынша сынып сағаттары өткізілді:
- 1–4 сыныптарда: «Мейірімділікті сақтау заңдары»;
- 5–6 сыныптарда: «Өзгенің өзіңе қалай қарағанын қаласаң, өзің де солай қара»;
- 7–11 сыныптарда: «Құрдастар арасындағы жанжалдарды шешу жолдары»

Ақтөбе ҚП№2 КЖП Мыңжасарова Рауанның ұйымдастыруымен «Есірткі қолдану мен таратудың зияны және салдары» тақырыбында 8-класс оқушыларымен түсіндірме жұмысы жүргізілді.

### **Өмірге салауатты қадам**

**Салауатты өмір салты** – адамның денсаулығын нығайтуға, ұзақ әрі белсенді өмір сүруге бағытталған мінез-құлық жүйесі. Ол дұрыс тамақтану, жүйелі қозғалыс, жеке бас гигиенасы, толыққанды ұйқы, зиянды әдеттерден аулақ болуды қамтиды. Осы тұста мектебімізде ҚР Бас прокуратурасының тапсырмасына сәйкес «Нашақорлыққа жол жоқ!» акциясы аясында нашақорлықтың теріс әсері мен оның үкімі жайында қылмыстық қудалау бөлімінің аға прокуроры Ж.Ж.Какимов,

Ақтөбе облыстық орталық мешітінің наиб имамы Бисенов Махамбет Сериқұлы, Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция тобының аға инспекторы полиция аға лейтенанты Маликова Гульдана Руслановна арасындағы құқықбұзушылық және оның зардабы бойыншы, Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция тобының инспекторы полиция капитаны өз сөздерінде жастар арасындағы өзекті мәселелерді қозғап, білім алушыларға ақпараттық кеңес берілді. Шара барысында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша әзірленген ақпараттық бейнематериалдар көрсетіліп, шараға 328 оқушы қатысты.



- «Менің достарым жанымда болғанда» атты шығармашылық сағат өтті.

- 6 сынып оқушыларымен «Достық деген...» сюжеттік-рөлдік ойын ұйымдастырылды.
- 5–6 сынып оқушыларымен «Кел, бір-бірімізге комплимент айтайық» атты ойын түріндегі сабақ өткізілді.

Бұл іс-шаралар оқушылар арасында мейірімділік, түсіністік, құрмет пен достықты қалыптастыруға бағытталды.

- 8 және 6 сыныптарында «Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз!» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді. Сабақтарда оқушылар толеранттылықты дамыту, өзара сыйластық, ынтымақтастық пен топта жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп, бірлік пен достық құндылықтарының маңызын ұғынды.

Аталған іс-шаралар оқушылардың әлеуметтік және құқықтық сауаттылығын арттыруға, қауіпсіз және достық мектеп ортасын қалыптастыруға ықпал етті.

- 5–8 сыныптар арасында «Қарым-қатынас – жанжалсыз», «Отбасы және отбасылық құндылықтар», ал 1–4 сыныптар арасында «Неткен тамаша әлем!» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Бұл іс-шаралар оқушылардың жағымды қарым-қатынас, отбасы құндылықтарын бағалау және қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарау дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

- 4 сыныбында «Күн шуағы планетасы» атты танымдық-шығармашылық іс-шара ұйымдастырылды.

- Мектептің бірінші қабатында балалар шығармашылығына арналған көрме бұрышы безендірілді, онда бейбітшілік, достық және татулық тақырыптарындағы суреттер мен қолөнер туындылары қойылды.

- 1-4 сынып оқушыларымен Андрей Платоновтың «Юшка» әңгімесі бойынша аялдамалармен оқылым өткізілді. Бұл әдіс арқылы оқушылар мәтінді терең түсініп, кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік пен мейірімділік жайлы ой өрбітті.

- бастауыш сыныптар арасында «Көңілді старт» спорттық жарысы мен ұлттық ойын – «Бес асық» ұйымдастырылды. Балалар белсенді қатысып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре білді.

- 5 және 6 сыныптар арасында «Менің қауіпсіздігім» атты қызықты әрі танымдық ойын өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар күнделікті өмірде кездесетін түрлі қауіптерден сақтану жолдарын үйреніп, қауіпсіздік ережелері бойынша білімдерін бекітті.

- мектептің жоғары сынып оқушысы Сағадатұлы Мерей 6 және 7 сынып оқушыларымен ақпараттық кездесу өткізді. «Буллингке жол жоқ!» тақырыбындағы іс-шарада олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларға мектепте және күнделікті өмірде қауіпсіздік шараларын сақтау, бос уақытты тиімді өткізу жолдарын түсіндірді.

Барлық іс-шаралар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға, өзара құрмет пен жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталды.

### ***Өмірге салауатты қадам***

Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткілердің таралуын алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстың барысында психологтар мен наркологтар шақырылып, жасөспірімдерге синтетикалық есірткілердің психикалық және физикалық денсаулыққа әсері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Оқушыларға есірткіге тәуелділіктің нақты мысалдары, осы тәуелділіктен туындайтын әлеуметтік мәселелер және өмір сапасының төмендеуі туралы айтылды. Сондай-ақ, есірткінің өмірге, қоғамға және отбасыларға тигізетін салдарлары туралы нақты оқиғаларды баяндаған бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар, денсаулықты сақтаудың маңыздылығын көрсету мақсатында түрлі шаралар жоспарланып, өткізілді. Спорттық жарыстар, дұрыс тамақтану туралы дәрістер, стресске қарсы жаттығулар мен релаксация әдістері, есірткілердің зияны туралы ақпараттық кампаниялар арқылы жасөспірімдер арасында дені сау өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Барлық осы шаралар жасөспірімдердің денсаулығына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруда және есірткі тәуелділігінің алдын алуда маңызды қадам болды.

Ойынға салауатты көзқарас балалардың компьютерлік, телефондық ойындарға тәуелділігін азайту, ойынға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған.

Оқушылардың бос уақытты тиімді пайдалануды насихаттау, спорт пен шығармашылық үйірмелерге қызығушылықты арттыру мақсатында білім алушылардың ойынға тәуелділігін сейілтуге арналған біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс

кезінде оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану үшін «арқан тартыс», «қол күрес», «ләңгі тебу», «бәйге», «аударыспақ», «асық ату», «бес асық» ойыны ұйымдастырылды. Шараға 650 оқушы қатысып, белсенділік танытты.

Мектебіміздің оқушылары ұлттық ойындар бойынша қалалық, облыстық жарыстардың жеңімпаздары. Қалалық мектеп лигасы бағдарламасы бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық атудан “Смарт Білім” командасы қатысып жүлделі орынға ие болды. Келесі кезекте облыстық жарыста Ақтөбе қаласының намысын қорғайтын болады. Сонымен қатар, «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасының іс-шаралар тұжырымдамасында қалалық «Алтын Сақа» олимпиадасында бес асық жарысынан үздік нәтиже көрсетіп 6-8 сынып қыз балалары 1-ші орынды иемденді.



### Негізгі шаралар:

- «Сенің қауіпсіздік жолың» нашақорлықтың алдын алу шаралары
- «Біз зиянды әдеттерсіз әлемді қолдаймыз», атты 7-11 сынып арасында сынып сағаттар; Ақтөбе ҚП№2 КЖП Мыңжасарова Рауан 5 - 7 сынып оқушыларымен кездесті;
- «Нашақорлыққа – жоқ!» Республикалық челленджге 9 сынып оқушылары қатысты

### Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құқықтық санасын арттыру және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мақсатында мектепте «Қауіпсіздікте оқимыз» қалалық бағдарламасы аясында бірқатар шаралар ұйымдастырылуда. Іс-шаралардың мақсаты — құқықбұзушылықтың алдын алу, заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру, сондай-ақ мектеп, ата-аналар мен құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Мектепте өткізілген негізгі шаралар:

- Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттеріне, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне арналған дәрістер мен тренингтер өткізілді.
- Құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған викториналар мен конкурстар ұйымдастырылды. Мысалы, 5 сыныбында «Балалық шақ — ең жақсы кезең!» атты танымдық ойын-сауық конкурсы өткізілді.

5 сынып оқушылары «Жасөспірім және заң» құқықтық квест-ойынына қатысып, құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мәселелері бойынша білім алды.

- 25 ақпанда жасөспірімдер қылмысының алдын алу аясында облыстық Полиция департаментінің бастығы Абай Жусуповтың, облыс әкімінің орынбасары Жолдас Батырханның, облыс прокурорының орынбасары Абзал Гилимнің қатысуымен Ақтөбе қаласында маңызды кеңес өтті. Іс-шараға облыстағы барлық мектеп, колледж директорлары, прокуратура және

басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Абай Жусупов өз сөзінде жастар арасындағы қылмыспен тиімді күресу үшін өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетіп, «Заң мен тәртіп» идеологиясы барлық профилактикалық іс-шаралардың негізі болуға тиіс екенін және тек бірлескен күш-жігермен ғана заң мен әлеуметтік құндылықтарды құрметтеуге негізделген жастар үшін қауіпсіз және салауатты орта құруға болатынын жеткізді.

“Біз құқық қорғау органдары ретінде заң мен тәртіпті сақтауымыз және біздің басты міндетіміз — қылмыстардың алдын алу, жасөспірімдердің суицид, буллинг, құқық бұзушылық жасамауына жағдай жасау. Жыл басынан бері кәмелетке толмағандар 18 қылмыс жасады, бұл өткен жылмен салыстырғанда көп”, — деп атап өтті ПД бастығы.

Кездесу барысында қатысушылар бірқатар ұсыныстарды, соның ішінде балалармен кездесулер өткізуді, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жаңа бағдарламаларды әзірлеуді, сондай-ақ қауіп-қатерлерге мониторинг жүргізу және жедел ден қою үшін заманауи технологияларды енгізуді талқылады.


Учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Д.Джамбурчин білім беру ұйымына алып келуге тыйым салынған заттарға рейд жүргізілді. Рейд кезінде оқушылардан ешқандай мектепке әкелуге тыйым салынған заттар анықталмады. Сонымен қатар 5-10 сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бопсалаудың алдын алу» және «Жолда жүру кезіндегі қауіпсіздік ережелері» «Интернет қауіпсіздігі», «Қалта ұрлығы. Оқушылардың қалта телефонын қоғамдық көліктерде қолдануы» тақырыбында сақтық шараларын түсіндіріп, балаларға құқықбұзушылықтың алдын алу туралы дәріс оқыды.

#### **Ата-аналармен және қоғаммен жұмыс:**

Құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстары мен мектеп кеңесінің отырыстары үнемі өткізіліп тұрады. Мектептің айналасындағы шағынауданда және жақын маңдағы аумақта рейдтер ұйымдастырылып, «Ерекше бақылаудағы топта» тұрған оқушылардың үйлері тексеріледі.

Әр азаматтың бейбіт және жайлы өмір сүруінің кепілі – қауіпсіз қоғам. Білім алушылардың жолда жүру ережелерін, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер, тұрмыстық қауіпсіздік туралы түсінігін кеңейтуге бағытталған. Мектебімізде құқық қорғау органдарымен кездесу, қауіпсіздік күндері, интерактивті сабақтар арқылы жүйелі жұмыстар оқушылар, ата-аналар және мектеп педагогтарымен жүргізілуде.

Аталған алдын-алу шарасы бойынша біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «16 белсенді күн» халықаралық акциясына орай «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты 1-4 сыныптар арасында челлендж, «Зорлық-зомбылық-отбасылық қасірет» видео үндеу және мектеп парламентімен бірлескен «буллинг пен зорлық – зомбылық деген не?» тақырыбында танымдық видео роликтер көрсетіліп, акциялар ұйымдастырылды. Шараға 342 білім алушы, 60 педагог, 95 ата-ана қатысты.



Мектептің әлеуметтік желілерінде әр апта сайын жасөспірімдер арасындағы қылмысқа қарсы профилактика тақырыбы бойынша ақпараттық материалдар, соның ішінде аудио және бейнемазмұндар жарияланып отырады.


#### **Қоғамдық мүлікті қорға**

**Қоғамдық мүлік** – барлық азаматтарға ортақ пайдалануға арналған, мемлекетке немесе қоғамға тиесілі нысандар мен заттар (мектеп, саябақ, қоғамдық көлік, жол, орындықтар, кітаптар, құрылғылар және т.б.).

Қоғамдық мүлікті қорғау – бұл әр азаматтың, соның ішінде оқушылардың, ортақ игілікке зиян келтірмеуге, оны күтіп ұстауға және сақтауына бағытталған жауапты әрекеті.

Осыған орай, білім алушының өз ортасына қамқорлықпен қарауына ықпал ету үшін мектебімізде әр апта бейсенбі күні «Таза Бейсенбілік» жүзеге асырылады. Бұл іс шараға тек

білім алушылар емес, мектеп педагогтары мен ата-аналар белсенділік танытады. 410 білім алушы, 28 педагог, 35 ата-ана аталған шара бойынша жүйелі жұмыс өрнегін көрсетті.



Қорытындылай келе құқықтық білім беру мен құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйелі жүргізілетін жұмыс оқушыларда тұрақты құқықтық білім, жауапкершілік сезімі және заңға деген құрмет қалыптастыруға ықпал етеді. Құқық қорғау органдарының, медициналық қызметкерлердің, еріктілердің, педагогтардың және ата-аналардың осы процессіне қатысуы тәрбиелік әсерді күшейтіп, әрбір оқушының жеке тұлғасын дамыту үшін мектепте қолайлы және қауіпсіз орта құруға мүмкіндік береді.

### **ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

Қауіпсіздік – білім беру мекемесіндегі басты басымдықтардың бірі. “SMART BILIM” ЖОББМГ-да оқушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу және тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жүйелі қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылады.

- Мектеп ғимараты бейнебақылау камераларымен толық қамтылған;
- Кіреберісте күзет қызметкерлері жұмыс істейді;
- Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай жабдықтармен қамтамасыз етілген (өрт сөндіргіш, дабыл құрылғылары);
- Апаттық шығу есіктері мен эвакуация сызбалары орнатылған.
- Ғимарат күнделікті тазаланып, желдетіліп тұрады;
- Балаларға арналған жеке санитарлық гигиена құралдары жеткілікті;
- Асханада санитарлық нормалар қатаң сақталады.
- Интернет желісінде киберқауіпсіздік ережелері түсіндіріледі;
- Оқушыларға желідегі қауіптер мен алаяқтардан сақтану жолдары үйретіледі.
- Сынып сағаттарында «Жолда жүру ережелері» бойынша үнемі ақпарат беріледі;
- Мектеп жанында жаяу жүргіншілер өткелі бар;
- Мектеп инспекторы оқушылармен кездесулер ұйымдастырып тұрады.
- Мектепте психолог маманы жұмыс істейді;
- Қиындыққа тап болған оқушыларға жеке көмек көрсетіледі;
- Достық, өзара сыйластық, буллингтің алдын алу тақырыптары көтеріліп тұрады.
- «10 минуттық қауіпсіздік» сабақтары тұрақты түрде өткізіледі;
- «Қауіпсіз терезе», «Қауіпсіз интернет», «Бейтаныс адаммен қарым-қатынас», «Судағы қауіпсіздік» секілді және т.б. ақпараттық жадынамалар таратылады.


Қауіпсіздік шаралары — адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғи және техногенді апаттардан сақтандыру, өндірістік және тұрмыстық жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын алдын алу және қорғау шаралары.

Қауіпсіздік шараларының негізгі мақсаты — қауіп-қатерлерді анықтап, оларды алдын алу немесе төмендету. Қауіпсіздік шараларының мақсатының қатарында:

1. Адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау.
2. Материалдық шығындарды болдырмау.
3. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау.
4. Қауіптің туындауын және таралуын болдырмау.

Осы мақсатқа сай 27 ақпан күні мектебімізде Ақтөбе облысы ТЖД авариялық-құтқару техникасының қатысуымен білім алушылары мен мектеп ұжымына төтенше жағдайлардың алдын алу туралы ақпарат таныстырылып, жұмыстар жүргізілді. Қатысқан педагог саны 60, білім алушылар саны 342.

Жоғарыда аталған қауіпсіздік шаралары бойынша жоспарға сай 9 іс-шара өткізіліп, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.



Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және ата-аналар тығыз байланыста жұмыс істей отырып, әрбір баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күш салады. Атап айтсақ:

2024 жылдың қыркүйек айында мектебімізде «БАЛА ТӘРБИЕСІ– ОРТАҚ МІНДЕТ» тақырыбында педагогикалық ұжым арасында маңызды жалпы жиналыс өткізілді. Жиын барысында білім беру ұйымындағы оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды. Күн тәртібінде «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру» мәселесі қаралып, балалардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін түрлі жағдайлардың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттігі атап өтілді. Жиналыста «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалар қауіпсіздігіне бағытталған құндылықтарды насихаттау, сонымен қатар әлеуметтік жобалар мен нақты тәжірибелер негізінде жүргізілетін іс-шаралардың маңыздылығы ерекше назарға алынды. Сонымен қатар, күнделікті өткізілетін 10 минуттық қауіпсіздік сабақтарының мазмұнын байытып, оларды сапалы әрі тиімді ұйымдастыру қажеттігі қозғалды. Ұжым мүшелері оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – баршамыздың ортақ міндетіміз екенін тағы да бір мәрте атап өтті.

«БАЛА ТӘРБИЕСІ – ОРТАҚ МІНДЕТ» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиынның басты мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ата-аналар қауымын кеңінен тарту, құқықтық сауаттылықты арттыру және қоғамда орын алуы мүмкін жағымсыз жағдайлардың алдын алу шараларын талқылау болды. Күн тәртібінде келесі маңызды мәселелер қаралды:

- «Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» тақырыбында балаларды жан-жақты қорғаудың маңыздылығы айтылды; - «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі» бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді; - Қылмыстың алдын алу бағытында жергілікті құқық қорғау органдарымен бірлескен әрекеттер туралы мәлімет берілді; - Мектепте оқушылар арасында бұрыш спрейін қолданудың алдын алу шаралары, оның салдары мен заңдық жауапкершілігі талқыланды; - Алаяқтықтың алдын алу, интернет және телефон алаяқтары жайлы ақпарат беріліп, сақтық шаралары ұсынылды; - Зиянды әдеттердің алдын алу – темекі, электронды темекі, энергетикалық сусындар мен басқа да зиянды заттардың бала ағзасына кері әсері туралы айтылды; - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігіне бағытталған құндылықтарға негізделген іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар таныстырылды.

Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақтардың бірі. Осыған байланысты мектеп әкімшілігі тарапынан оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Теміржолда және теміржол көлігінде балалардың жүріс-тұрыс қағидалары туралы арнайы жадынамалар дайындалып, ата-аналар мен оқушыларға кеңінен таратылды. Аталған жадынамаларда теміржол бойында жүріп-тұру ережелері, рұқсат етілмеген аймақтарға өтуге болмайтыны, жаяу жүргіншілерге арналған жолдарды ғана қолдану қажеттігі, пойыз қозғалғанда немесе тоқтаған кезде жақындауға болмайтыны секілді маңызды мәліметтер қамтылды.

### **Қауіпсіз қоғам**

Әр азаматтың бейбіт және жайлы өмір сүруінің кепілі – қауіпсіз қоғам. Білім алушылардың жолда жүру ережелерін, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер, тұрмыстық қауіпсіздік туралы түсінігін кеңейтуге бағытталған. Мектебімізде құқық қорғау органдарымен

кездесу, қауіпсіздік күндері, интерактивті сабақтар арқылы жүйелі жұмыстар оқушылар, ата-аналар және мектеп педагогтарымен жүргізілуде.

Аталған алдын-алу шарасы бойынша біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «16 белсенді күн» халықаралық акциясына орай «зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты 1-4 сыныптар арасында челлендж, «Зорлық-зомбылық-отбасылық қасірет» видео үндеу және мектеп парламентімен бірлескен «буллинг пен зорлық – зомбылық деген не?» тақырыбында танымдық видео роликтер көрсетіліп, акциялар ұйымдастырылды. Шараға 342 білім алушы, 60 педагог, 95 ата-ана қатысты.



**БАЛАЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ – БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕСІ!** Цифрлық ғасырда бала санасына кері әсер ететін ақпарат көздері жылдан-жылға артып келеді. Осыған орай «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелері: ата-аналарға кеңестер» тақырыбында жадынамалар таратылды.

Бұл жадынамада келесі маңызды кеңестер қамтылды:

- Баланың интернеттегі уақытын шектеу;
- Қауіпсіз сайттар мен қосымшаларды пайдалану;
- Әлеуметтік желілердегі жеке ақпаратты қорғау;
- Кибербуллингтің алдын алу жолдары;
- Балаға интернеттегі этикалық нормаларды үйрету.

Дүниежүзілік балалар күнін мерекелеу аясында «Балауса» театры келіп, 1-4 сынып оқушыларына қауіпсіздік ережелері туралы бейнеролик дайындады. Аталған бейнематериал бастауыш сынып оқушыларына қарапайым тілмен, қызықты әрі танымды форматта ұсынылды. Оқушылар бейнероликті ерекше қызығушылықпен тамашалап, өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алды.

Қазіргі таңда балалардың ашық терезеден құлап кету фактілері қоғамда үлкен алаңдаушылық тудыруда. Бұл – көп жағдайда ата-аналардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан орын алатын қайғылы жағдай. Осыған орай, “SMART BILIM” ЖББМГ тарапынан «Қауіпсіз терезе» тақырыбында, сыныптық ата-аналар жиналысы өткізіліп, ақпараттық жадынамалар таратылып, ата-аналар мен оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жадынамалар мектептің ресми әлеуметтік желілері мен ата-аналар қауымдастығының мессенджер топтары арқылы таратылды.

**Мақсаты:** әрбір отбасында баланың қауіпсіздігіне деген жауапкершілікті арттыру, ата-аналар мен балалардың ақпараттық сауаттылығын күшейту.

Оқу жылы бойындағы күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс – балалар үшін қуаныш пен демалыс уақыты ғана емес, сонымен қатар түрлі қауіптерден сақтануды қажет ететін маңызды кезең. Осы орайда ата-аналар мен оқушыларды каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен жүйелі түрде таныстыру жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналарға арналған түсіндірме жұмыстары барысында мына мәселелерге ерекше назар аударылады: Жол-көлік оқиғаларының алдын алу; Электр құралдарын қауіпсіз пайдалану; Мұзда сырғанау, от жағу, суға түсу кезіндегі қауіпсіздік; Бейтаныс адамдармен байланысқа түспеу; Интернет пен әлеуметтік желілердегі ақпараттық қауіпсіздік; Төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керек. Оқушылармен сынып сағаттары мен әңгіме сабақтарында төмендегі тақырыптар қозғалады: «Менің қауіпсіз демалысым», «Жолда жүріп-тұру мәдениеті», «Электр қуаты – досың ба, дұшпаның ба?», «Жазғы демалыста судағы қауіпсіздік», «Киберқауіпсіздік ережелері» және т.б.. Сонымен қатар, мектептің ресми сайтында және әлеуметтік желі парақшаларында жүйелі түрде ақпараттық жадынамалар мен бейнероликтер жарияланып, ата-аналар мен балалардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігі күшейтілуде.

### **КҮНДЕЛІКТІ, АПТАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ӨТУІ**

«Күй күмбірі» — бұл қазақтың дәстүрлі күйлерін меңгеруге, ұлттық музыка мәдениетін дәріптеуге бағытталған тәрбиелік және оқу іс-шарасы. Бұл шараның мақсаты — балаларға қазақтың музыкалық мұрасын таныстыру, олардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын

арттыру. Балалар үзіліс уақытында күй тыңдап, күйдің тарихымен танысып, күйлердің түрлерімен танысуға мүмкіндік алады. Олардың арасында халық күйлері, композиторлардың шығармалары және әртүрлі орындаушылық стильдер бар. Бұл шара барысында балалар күйдің шығу тарихы, оның маңызы мен мәні туралы ақпарат алады, сондай-ақ күйдің эмоциялық әсерін сезінеді. Мектеп радиосы арқылы Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей күйшілерінің шығармашылығы туралы ақпарат таратылды. Шара барысында балалар күйді орындау әдістерімен танысып, өздері де күй орындауға мүмкіндік алады. Бұл оларға музыкалық аспаптармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге және өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға көмектеседі.

#### «Үнемді тұтыну»

2025 жылдың 22 наурызында жергілікті уақыт бойынша сағат 20:30-дан 21:30-ға дейін бүкіл әлемде «Жер сағаты» халықаралық экологиялық акциясы өтті. Бұл жаһандық бастаманы қолдап, «Қамқор» облыстық жобасы аясында оқушылар, ұстаздар және ата-аналардың қатысуымен белсенді түрде атсалысты. Акция барысында мектеп ұжымы мен оқушылар белгіленген уақытта өз үйлерінде жарық пен электр құрылғыларын өшіріп, табиғатқа жанашырлық танытты. Сынып сағаттарында «Жер сағаты» акциясының маңызы мен мақсаты туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді; - Оқушылар арасында экологиялық тақырыптағы сурет байқауы, суды, жарықты және қағазды үнемдеу тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі; Оқушылар мен ата-аналарға арналған экобуклеттер мен бейнероликтер мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Ресурстарды тиімді, әрі саналы пайдалану, оларды артық шығындар мен ысырапқа жол бермей үнемді түрде тұтыну. Бұл қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған іс-шара.

Жас ұрпақтың экологиялық санасын арттыру мақсатында Smart Bilim мектеп-гимназиясының мектеп парламентімен және Eco Madeniet волонтерлық ұйымымен бірлескен кездесу өткізілді. Кездесуге 265 оқушы қатысып, маңызды тақырыптар мен алдағы бірлескен жұмыс жоспары талқыланып, өзекті мәселелер көтерілді.

Сонымен қатар, «1 бөтелке = аз ластану, көп пайда» тақырыбында пластик бөтелкелерді қайта өңдеуге болатын «Спарко» фондоматы орнатылды. Оқушылар өздері тұтынған қалдық бөтелкелерін аппаратқа салу арқылы бонус алып, экологияға үлкен үлесін қосты.



#### АТА-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру бойынша бұйрық құрылды, мектеп ұжымымен және ата-аналармен түсіндіру жұмысы жүргізілді, әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін сабақтар жоспары жасалды. Сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді. Атап айтсақ: «Ата-ана, ұстаз, оқушы: болашаққа бағытталған ынтымақтастық» атты жалпы мектепшілік ата-аналар форумы өтті. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін анықтау мақсатында ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «AMANAT 111» бірінғай мемлекеттік байланыс орталығы жайында постерлер мектеп сайтына, Instagram, Facebook парақшаларына жүктелді және мектептің 1 қабатында ата-аналар үшін арнайы стенд ресімделген.

12 қыркүйек күні “SMART BILIM” ЖББОМГ-да «Ата-ана, ұстаз, оқушы: болашаққа бағытталған ынтымақтастық» атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында мектеп басшысы Айгуль Амангазықызы Арынғазиева Білім министрілігі бекіткен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасымен таныстырды.

5 сынып ата-аналары арасында «Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады» Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», 1-4 сынып ата-аналары арасында ««Білімдіге дүние жарық» Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?». 9 -сынып ата-аналары үшін

«Көркем мінез – баға жетпес байлық. Эмоционалдық интеллект – табысты тұлғаның негізі», 5 - сынып ата-аналары үшін «Ақыл айтпа, жол көрсет. Оқудың жаңа шарттары: бала бейімделуден қалай өтеді», 7- сынып ата-аналары арасында «Әрбір бала – жарық жұлдыз», 5 - сыныбының ата-аналары арасында «Баланың бас ұстазы – ата-ана. Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, өзін естірте білу», 10-сынып ата-аналары үшін «Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез-құлқы» және т.б. тақырыптарда сабақтар өтіп ата-аналар түрлі сұрақтар қойып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмысын бағалау бойынша ата-аналармен сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама қорытындысы: 69 ата-ана сауалнамаға жауап берген.Сауалнама сұрақтары	Қорытынды
Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығындағы сабақтардың мазмұны сіз үшін қызықты болды ма? (Бес балдық жүйемен бағалаңыз, мұнда «1» саны мүлдем қызық емес, «5» саны өте қызықты).	1 балл – 1% 2 балл – 0% 3 балл – 5% 4 балл – 16% 5 балл - 78 %
Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығындағы оқыту сапасын бес балдық жүйемен бағалаңыз.	1 балл – 0% 2 балл – 0% 3 балл – 3% 4 балл – 13% 5 балл - 84 %
Алынған ақпараттың жаңалығын бес балдық шкала бойынша бағалаңыз	1 балл – 0% 2 балл – 0% 3 балл – 9% 4 балл – 25% 5 балл - 66 %
Сіз алған біліміңізді балаларыңызды тәрбиелеуде қолданасыз ба?	Иә, қолданамын – 70% Жоқ, қолданбаймын – 0% Мүмкін қолданамын/Ішінара – 30%
<b>Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін жетілдіру бойынша тілектеріңізбен бөлісуіңізді сұраймыз</b>	
<p>Продолжать так же развивать различные темы взаимоотношения, родителей с детьми, с одноклассниками, был очень интересный форум 📢</p> <p>Желаю успехов в совершенствовании деятельности центра</p> <p>Всё было очень интересно. Хотелось бы чтобы и с учителями предметниками, провести не большое собрание. Мне кажется многие захотят задать вопросы и узнать мнение как с их стороны проходит период адаптации с детьми., и на что обратить внимание.</p> <p>Интересно, познавательно, достаточно много полезной информации</p> <p>Прощения вам</p> <p>Побольше таких центров. Чтобы родители могли прийти и получить помощь от педагогов. Помочь своим детям , в адаптации в школе и в других направлениях. Развития и благополучия центру.</p> <p>Спасибо за проявленный интерес к нашим детям</p> <p>Хотелось бы больше контакта с учителями</p> <p>Спасибо за проделанную работу, было очень информативно и при этом кратко</p> <p>Желаю удачи в ваших делах и начинаниях)</p>	

2024 жылдың 5 қыркүйегі күні мектебімізде отбасы күні аясында Отбасы институтын сақтау және нығайту мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады. Осыған орай, мектебімізде облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Е.Ж. Шукурова мен Ақмарал және Ринат

Абдулрахмановналармен ата-аналарға арналған психологиялық тренинг кездесу өткізілді.



2024 жылдың 13 қыркүйегі күні баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға құндылық қатынасын қалыптастыру мақсатында сынып ата-аналары арасында «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» тақырыбында кездесу болды.

2024 жылдың 26 қыркүйегі күні жасөспірімнің психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Қамқор» жобасы аясында «Салауатты өмір салтын ұстанайық» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында спорттық эстафета өтті. Сайыс мақсаты: қатысушыларға салауатты өмір салтын дәріптеп, жылдамдық пен ептілікті қалыптастыру.



Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Салауаттылық – саулық кепілі, ал, саулық – байлық кепілі. «Біртұтас бағдарламасын» іске асыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде «Денсаулық – зор байлық» атты фестиваль өткізілді. Фестиваль таңғы жаттығумен басталып, марафонмен жалғасты. Сонымен қатар, қол күрес, шахмат, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, ләңгі тебу ойындары өткізілді. Белсене қатысқан оқушылар 1,2,3 орындармен марапатталып, алғыс хаттарға ие болды.



2024 жылдың Қыркүйек - күз айы. Күз мезгілі еңбек адамының жиын-терін уақыты, астық пісіп, қамбаға құйылар сәт. Сондай-ақ сан салалы кәсіп иелері бір кісідей қызметке жұмыла кірісетін уақыт. Сондықтан, халқымыз күз мезгілін берекелі, мерекелі мезгіл деп санаған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі бағыттарының бірі – Еңбек бағыты. Эстетикалық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Еңбек түбі – береке!» атты іс-шарасы басталып, үзіліс уақыттарында жалғасын тапты.



Көңілді үзіліс. Танграм. Ұйымдастырушы: Басқатырғы. Қуатова Б., Сағдатова Қ.



1) Веселая карусель. Ұйымдастырушы: Кабаева Д.



2) Күзгі қазына. Ұйымдастырушы: Умирбаева Н.



3) Жапырақтардан композиция. Ұйымдастырушы: Алиева Р., Жубанова А.



4) Күз бояулары әлемінде Күзгі шабыт. Ұйымдастырушы: Тлеуова Ә., Ембергенова Г.



Еңбек күніне орай ұйымдастырылған шараға белсене ат салысқан оқушылар жүлдері орындар мен алғыс хаттарға ие болды.

**Жүлдері орындар:**

- 1 орын 5 ж Ешина Найира
- 1 орын 5 ж Нұркелдіқызы Айзере
- 2 орын Қанат Анар 6б
- 2 орын Амантайұлы Алихан 6 д
- 2 орын Жолдасов Расул 6 ж
- 3 орын Болтатбек Кәусар 6 Қ
- 3 Ерғазы Аянат 5 ж
- 3 Тілеп Инабат 5 В
- 3 Тұрлан Айзере 6 д
- 3 Хайролла Кәусар 5 ж

**Алғыс хат**

- Анжелика 5 а
- Мырзағалиева Інжу 6 Д
- Исабаев Сырым 6 Д
- Омарова Айару 5 Ж
- Сәріпжіп Айша 5 ж
- Тәңірберген Наздана 5 Д
- Қуантай Шерхан 5 З
- Мақсотова Бағым 5 Б
- Рамазанова Раяна 6 ғ
- Шектібай Жанель 5 г
- Максим Камилла 6 Д
- Нұрбекова Нұрдария 6 д
- Кузбакова Аружан 5 в
- Сәрсенғали Ақниет 6 қ
- Нұрлан Алтынбек 5 з
- Алпысбаева Айбике 5 г
- Мырзағалиева Інжу 6 д
- Диасқызы Береке 6 л
- Шапағат Айару 6 е
- Бақтыбай Айзере 6 А

Мектебімізде отбасы күніне орай 2-3 сыныптар арасында «Менің бақытты жанұям» сурет салу, «Менің ерік отбасым» фотокөрме байқауы өткізілді.



**Мақсаты:** Бала бойына байқау арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату.



5-ші қыркүйек «Тілім менің ғасырларға аманат» А.Байтұрсыновтың туған күніне орай мектебімізде мерекелік іс-шара өткізілді.


**Мақсаты:** Тілдер мен мәдениетті құрметтеу, көптілділікке назар аударту, әртүрлі тілдер мен мәдениеттерді таныстыру, тіл үйренуге қызығушылықты арттыру.

1-класс ата-аналарына «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқылды. Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс — әрекетін дұрыс ұйымдастыру мен қатар *балаңыздың уақытын тиімді ұйымдастырыңыз бағыттары бойынша ата-аналарға психологиялық кеңестер берілді.*



Сонымен қатар ата-аналардан келген сауалдарға кеңес беріліп отырады.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жеке дамытушылық жұмыстары және олардың ата-аналарына кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.



Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөліміне қарасты “Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен №2 Ақтөбе қалалық полиция бөлімшесінің қызметкерлері, психолог Тулепбергенов Тимур Тайбекұлы және теолог Төретаев Жасұлан Нұрлыбекұлының қатысуымен 10-сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында оқушыларға діни экстремизмнің алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру және интернеттегі күмәнді ақпарат көздерінен сақтану жөнінде кеңестер берілді. Шараның мақсаты – жасөспірімдердің діни сауаттылығын арттырып, құқықтық және психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету.

4 сынып ата-аналары арасында «Зейін – алғырлықтың алғышарты» тақырыбында сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Бала тұлғасының тәрбиесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, педагогикалық және психологиялық кеңестер беру

5 сыныбының ата-аналарымен «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында ата-аналарға төтенше жағдайлар кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары, алғашқы көмек көрсету ережелері және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету тәсілдері түсіндірілді.

Бұл шара балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-аналардың ролін күшейтуге, олардың төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға бағытталды.

2 сынып ата-аналары арасында «Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы» тақырыбында сабақ өтті.

**Сабақтың мақсаты:** Төтенше жағдайларда организмді қорғау дағдылары мен қабілеттері; Қауіпсіздік саласындағы білімді және қорғау әдістерін меңгерту болды. Сабақ барысында түрлі ойындар мен тренингтер ұйымдастырылды.

Әлеуметтік желі мен мессенджерлер арқылы ата-аналарға психологиялық кеңестер, тәрбиелік бейнежазбалар тұрақты түрде жолданып отырды.

	<u>2023–2024</u>	<u>2024–2025</u>
<b>Шаралар саны</b>	12	18
<b>Белсенді ата-аналар саны</b>	250	340
<b>Қамтылған сыныптар</b>	1–11	1–11
<b>Психологпен кеңес</b>	4	6

2024–2025 оқу жылында ата-аналармен жұмыс сапасы артты, тартылған ата-аналар саны көбейді, тәрбиелік және психологиялық қолдау мазмұны кеңейді. Бұл мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықтың арта түскенін көрсетеді.

### **АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ МЕДИА ҚОЛДАУ**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын насихаттау және іске асыру барысын ақпараттық қолдау мақсатында жүйелі түрде медиа кеңістікте белсенді жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, мектептің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларында жүргізілген іс-шаралар, тәрбиелік бағыттағы жобалар мен ашық сабақтар тұрақты түрде жарияланып отырады.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік:

- Instagram платформаларында аптасына кемінде 5-6 рет жариялым жасалып отырды;
- Әрбір жариялым 32 000-90 000 адаммен қамтылады;
- Фотосуреттер мен бейнежазбалар арқылы ақпаратты көрнекі әрі тартымды етуге басымдық беріледі;
- Оқырмандардан жағымды пікірлер мен бөлісулер саны артып келеді, бұл аудиторияның қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді.

Белсенді жариялымдар мектептің ішкі өмірін насихаттауға, оқушылардың жетістіктерін көрсетуге және қоғаммен тығыз байланыс орнатуға септігін тигізеді.

### **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы қиындықтар:**

- 1) Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастыруға уақыты жетпей жатады. Сонымен қатар, бағдарламаның мазмұны мен талаптарын толық меңгермеген педагогтар да баршылық
- 2) Ата-аналармен байланыстың әлсіздігі.  
Тәрбиенің негізгі бөлігінің отбасында қалыптасатынына қарамастан, ата-аналардың кейбірі мектеппен тығыз қарым-қатынас орнатуға құлықсыз.
- 3) Оқушылардың мотивациясының төмендігі. Цифрлық ғасырдың әсерінен кейбір оқушылардың тәрбие жұмысына деген қызығушылығы төмен.

### **Туындаған қиындықтарды шешу жолдары**

- 1) Сынып жетекшілерге арналған тренингтер, семинарлар, шеберлік сағаттарын жүйелі түрде өткізу;
- 2) Мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жобаларға тарту;
- 3) Тәрбие жұмыстарының мазмұнын заманауи тәсілдермен (ойындар, тренингтер, челленджер, квесттер) ұйымдастыру;

### **Мектеп бойынша қосымша білім беру педагогының жүргізген жұмысы:**

Қосымша білім беру педагогы Смарт Білім мектебінде 2023 жылдың қыркүйек айының 1-ші жұлдызынан бастап қосылып, жұмыс жоспары бекітілді.

Ақылы 12 000-15 000 үйірмесіне -950 оқушы

Ақысыз үйірмеге-1280 оқушы

Ақылы сыныптардағы үйірмелерге -400 оқушы

Арендадағы үйірмелерге-1500 оқушы қатысты.

Мектеп бойынша жалпы саны- 80 % ды құрайды.

**Мақсаты:** Мектеп жасындағы балалардың сабақтан тыс уақыттарда шығарма шылық жұмыстарын ұйымдастыру.

**Міндеттері:** Оқу бағдарламаларын іске асыруға, сапалы құрастыруға және орындауға жауапкершілік арту. Әр оқушының бейімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қалыптастыру.

**Өзекжарды мәселесі:** Қосымша білім беру арқылы тұлғаның білім алу интеллектін арттырып, өзін-өзі тәрбиелеудің ғылыми деңгейін ұйымдастырып, танымдық белсенділігін, еңбекке көз

қарасын, қарым-қатынасын, қабілетін, өмір сүру икемділігін, мінездегі ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру, дамыту және жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әлеуметтік-педагогикалық болмыста дені сау, дарынды жеке тұлға дайындау жүйесіндегі институттар ішінде мектептен тыс білім беру орындары маңызды рөл атқарады. Сол себепті мектептерде қосымша білім беру, оқушыларды мәдениетке тарту, жеке шығармашылық мүмкіндіктері мен дарынын дамыту жолға қойылған. Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңының «Дамыту жолындағы оқыту бағдарламасы» туралы 12-бабында мектептен тыс жұмыстарының негізгі бағыттары белгіленген. Қосымша білім берудің негізгі мақсаттары мыналар: 6 жас пен 16 жас аралығындағы оқушыларға жеке тұлға ретінде дамуына, денсаулықтарын шынықтыруына, кәсіби жағынан өз жолдарын дұрыс таңдауына, шығармашылықпен еңбектенуіне қажетті жағдай жасау, оларды қоғам өміріне машықтандыру, жалпы мәдени деңгейін қалыптастыру, бос уақыттарын пайдалы мағыналы өткізуді ұйымдастыру. Қосымша білім беру баланың ақыл-ой деңгейінің дамуында, мүдделерін қанағаттандыруда, кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін арттырып тәрбиелеуде үлкен орын алады. Жалпы мектепте 4 бағыт бойынша 35-ке жуық ақылы және ақысыз: спорттық, шығармашылық, интеллектуалды және тілдік бағытта үйірмелер жұмыс жасады.

**Шығармашылық бағыт бойынша:**

вокал, хореография, домбыра, виа, үрмелі аспап, дәстүрлі ән, гитара, заманауи би және лезгинка, ракета, арт лаб сурет үйірмесі.

**Спорттық бағыт бойынша:**

футбол, волейбол, баскетбол, теннис, шахмат, тоғызқұмалақ, каратэ, таеквандо, дзюдо, еркін күрес, бокс, гандбол, асық ату және бес асық.

Интеллектуалды бағыт бойынша: ментальды арифметика және айти курстары.

Тілдік бағыт бойынша: қазақ, түрік, корей және ағылшын тілдері.

Мектепте ақылы 1-4 сыныптарға да үйірмелер жүргізілді. 1 сыныптарға: футбол, хореография және ментальды арифметика ,

2-4 сынып оқушыларына: ағылшын тілі, ментальды

арифметика, вокал, хореография, волейбол, теннис, футбол, домбыра изо үйірмелері жұмыс жасады.

***Ақысыз үйірмелерге:*** қол күресі, гир тасын көтеру, бес тас асық ойыны, шашка, тоғызқұмалақ және теннис үйірмелері жатады.

2024-2025 оқу жылында үйірмелер жетістіктері:

***Еркін күрес үйірмесі жетекшісі***-Нұрметжан Нұрғали

2025-жылдың қаңтар айының 7-8 күндері өтетін 2011-2017 ж.т спортшылар арасындағы «СК БИБАРЫС» спорт клубының еркін күресітен ашық біріншілігінің жүлдегерлері

Сабитов Даулет

Амангельді Мадияр

Матайбай Ақарыс

Игликов Алихан

Әжен Имран

Жәдігер Аман "қатысушы

Еркін күрестен кіші жасөспірімдер арасында 2024 жылғы қазан айының 26-27 күндері

аралығында өткізілген Ақтөбе қаласының "СК Боец" атты клуб аралық, біріншілігіне қатысып жеңімпаз болған мектеп оқушылары

**Жарыс нәтижесі:**

Амангелді Мадияр

Кенжебаев Әділ

Игликов Алихан

Нұрсұлтанұлы Шахмардан

Қазкен Қуаныш

Жақсығали Абдурахман

Тынышқали Ибрагим

22.12.2024ж. ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған “ Smart-Bilim” мектеп-гимназиясында еркін күрестен 2010-2017ж.т. клуб аралық турниріне мектебіміздің атынан 20 жас спортшылар қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Олар:

Игликов Алихан

Амангелді Мадияр  
 Кенжебаев Әділ  
 Сабитов Даулет  
 Жақсығали Али  
 Матайбай Ақарыс  
 Жапарканов Амир  
 Нұғұметжан Сайфуллаһ  
 Нұғұметжан Абдуллаһ  
 Иманғали Есет  
 Қадырбеков Алан  
 Жақсығали Абдурахман  
 Нұрсұлтанұлы Шахмардан  
 Исмаилов Руслан  
 Әжен Иман  
 Едігіев Бағлан  
 Нағыметов Фарух  
 Ниязов Айқын  
 Жәдігер Аман  
 Тынышқали Ибрахим  
 Кенжебаев Әділ 2011 +50кг  
 Нағметов Фаррух 2016 28кг  
 Аманкелді Нұрислам 2017 25кг  
 Тынышқали Ибрагим 29кг  
 Әжен Иман 2017 25кг  
 Едгеев Бағлан 2017 23кг  
 Толеубай Илияс 2016 28кг  
 Толеубай Исмаил 2015 28кг  
 Торбай Абдульғалим 2015 35кг  
 Иманғали Есет 2013 35кг  
 Игликов Алихан 2014 40кг  
 Нұрсұлтанұлы Шахмардан 2012 38кг  
 Аманкелді Мадияр 2011  
 Матайбай Омар 2014 32кг  
 Ниязов Айқын 2013 38кг  
 Жәдігер Аман 2015 28-31кг?  
 Исмаилов Руслан 2012 29кг  
 Боранбай Дамир 2012 45кг



- 1.Қалалық "Жас Дарын" жас күйшілер байқауы, 3 орын: Асылбекова Назерке (8жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 2.Республикалық "Дала сазы" байқауының 1 орын Жеңімпазы: Қазбек Арсен, Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 3.Республикалық "Дала сазы" байқауына жоғары деңгейде шәкірт дайындап, жас өнерпаздардың шеберлігін шыңдауға қосқан үлесі үшін Алхыс хат
- 4.'Жұлдыздар әлемі' атты республикалық байқауы, Smart ансамблі (8 оқушы) — Гран-при, жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 5.'Жұлдыздар әлемі' атты республикалық байқауы, Тұмар ансамблі (6 оқушы)— 2 орын, Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 6.'Жұлдыздар әлемі' атты республикалық байқауы, Заман ансамблі (6 оқушы)— 1 орынды, Жетекшісі : Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 7.'Жұлдыздар әлемі' атты республикалық байқауы, жеке орындау Асылбекова Назерке 1 орын, жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы
- 8.'Жұлдыздар әлемі' атты республикалық байқауына байқауына жоғары деңгейде шәкірт дайындап, жас өнерпаздардың шеберлігін шыңдауға қосқан үлесі үшін Алхыс хат
- 8.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 1 орын жеңімпазы Сағидулаева Дина(11 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы

9.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 1 орын жеңімпазы Катенов Артур(12 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 10.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 2 орын жеңімпазы Асылбекова Назерке (8 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 11.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 1 орын жеңімпазы Әділше Әлішер(7 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 12.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 2 орын жеңімпазы Асылхан Көркем(9жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 13.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 2 орын жеңімпазы Байжанова Аружан (11 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 14.."Абай жолымен" атты халықаралық білім беру және шығармашылық онлайн байқауының 1 орын жеңімпазы Шораева Назира (8 жас), Жетекшісі: Сартаев Бауыржан Бегенішұлы  
 Домбыра үйірмесі жетекшісі-Сартаев Бауыржан



Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен “Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту” тақырыбында 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсына қатысқаны туралы сертификат.

“Жас өнерпаз-2024” атты Республикалық балалар мен жастар шығармашылық байқауы “Эстрадалық вокал” номинациясы бойынша Гран При иегері Қуанышбек Нұрислам.Жетекшісі: Есболаева А.К

V Республикалық көпжанрлы “Дарын” шығармашылық байқауы “Smart Voice” вокалдық ансамблы I орын; “Smart Boys” квартеті II орын; Жетекшісі: Есболаева А.К



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткізілген “Жастар,Ғылым және Инновация” атты XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, III орын;“Жарық жұлдыз 2025” ашық байқауында вокал номинациясы бойынша “Smart Kids” ансамблы I орын;Жетекшісі: Есболаева А.К“Жарық жұлдыз 2025” ашық байқауында вокал номинациясы бойынша Қуанышбек Нұрислам Бас жүлде иегері; Жетекшісі: Есболаева А.К “Жарық жұлдыз 2025” ашық байқауында вокал номинациясы бойынша Алтынбай Аружан II орын иегері; Жетекшісі: Есболаева А.К

Журунтаева Нұралы-Қол күресінен жасөспірімдер,юниорлар және жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (қоссайыс )-3 орын

Қол күресінен жасжеткеншектер және жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты (қоссайыс )-1 орын Берік Айым

Қол күресінен жасжеткеншектер және жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионат (қоссайыс ) -1 орын

Қол күресінен әйелдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты (қоссайыс )-Турған Әлия

Қол күресінен жасжеткеншектер және жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты қоссайыс -2 орын

Гарифуллиева Айкөркем Қол күресінен жасжеткеншектер және жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты (қоссайыс) - 3 орын  
Оңберген Айгерім Қол күресінен жасжеткеншектер және жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты (қоссайыс) 3 орын



### **Үйірмелер бойынша ашық сабақтары өтті.**

**Тілдік бағыт бойынша** : түрік тілі үйірмесінің жетекшісі Мейргалиева Назерке 2,3,4 сынып оқушыларымен «Менің бір күнім» тақырыбында, ағылшын тілі бойыншы үйірме жетекшілері: Жумабаева Арайлым 1б қазақ сыныбына «Revision my body», Жусупова Гулмира 2,3,4 қазақ сыныбы «My daily routine», Жусупова Гулмира 8-9 сынып оқушыларына «Lets play», Хожамбердиева Жадыра, 1б рус сыныбына «Body parts» және корей тілі үйірмесінің жетекшісі Сафаргалиева Ақсезім 5-7 сынып оқушыларымен «Жыл мезгілі және ауа райы» атты тақырыппен үйірмеге қатысатын оқушыларға ашық сабақтар өткізді. Ашық сабаққа оқушылармен қатар ата-аналар да қатысты. Санатова Жібек 1а, 1г, 1в орыс сыныбына «Revision», Бертлеуова Вилена «My favourite», Сапаргалиева Эльзада 4а қазақ сыныбына «Wonderful Weater» тақырыппен ашық сабақ өткізді.

**Спорттық бағыт бойынша** футбол үйірмесінің жетекшісі Бахтарбаев Жандос және Лайықов Өркен 2 қазақ орыс сынып оқушыларымен «Доппен жасалынатын жаттығулар» тақырыбында, волейбол үйірмесінің жетекшісі Күшербаев Дәурен 1-4 сыныпқа «Волейбол ойын элементтерінен құралған қозғалмалы ойындар», Шахмат үйірмесі Қосалов Талант 4а қазақ сынып оқушыларына «Квадрат ережесі», шахмат үйірмесінің жетекшісі Ешмағанбетов Серік 3а қазақ сынып оқушыларымен «Шах» тақырыбында ашық сабақтар өткізді. Ашық сабаққа оқушылармен қатар ата-аналар да қатысты.

Ментальды арифметика үйірмесінің жетекшісі Бикеева Мейрамгүл 1а орыс сыныбына «Көңілді көмекшілер» атты тақырыпта үйірме оқушыларымен ашық сабақ жүргізді.

Ментальды арифметика Сағынбаева Айкен «Екі таңбалы сандар» 1а 1ә 1в 1г сыныптарына ашық сабақ өтіп, ата-аналар қатысты.

Ашық сабақ барысында оқушылар бір жылға жуық уақыт көлемінде өткен тақырыптарын пысықтап, үйренген есеп түрлерін тек мектеп аясында ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде ақыл-ой жүйесін арттыру мақсатында еркін қолдана алатындарын көрсете білді. Ата-аналарға ашық сабақтар ұнады және ұстаздарға жылы лебіздерін білдірді.

**Шығармашылық үйірмеге қатысатын оқушыларды үйірме жетекшілері концертке дайындап, «Сықырлы жолдармен жаңа жылға» атты есеп беру концерті ұйымдастырылды.**

Концертте хореография, домбыра, лезгинка, вокал, виа, заманауи би, дәстүрлі ән үйірмесіне қатысатын оқушылар өз өнерін көрсетсе таеквандо үйірмесі сахнада дайындықтарынан үзінді ретінде қойылым қойды. Концерт соңында мектеп директоры Арынғазиева Айгул Аманғазы қызы сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік тіледі. Концерт жоғары дәрежеде өтті ата-аналар да алғысын білдіріп, естелік суретке түсті.

**Шығармашылық бағыт бойынша** үйірме жұмыстарының «Сықырлы жолдармен жаңа жылға» атты алғашқы есеп беру концерті өткен болатын. Концерттің басында Лэд экраннан оқушының бір күндік өміріне арналған видео көрсетілді.




Тебіреніске толы күйді екі ішекті аспапты енді қолына ұстаған жас балдырғандардан бастап аспаптың құлағында ойнайтын шебер домбырашыларға дейін ырғақты күйді ұйқасынан алдырмай керемет орындап шыққан жас домбырашылар қалың көрерменнің көзайымына айнала білді.

Мерекелік көңіл-күйді жалғастыра отырып кезек вокал үйірмесіне қатысушы жас өнерпаздарға келді. А. Есболаеваның жетекшілігіндегі өрендер ән әлемінің алғашқы баспалдағын басып, қолына микрофон алып құлаққа жағымды, сазды әуендерді ырғағына келтіріп орындап өнерге әркімнің-ақ бар таласы дегенді дәлелдеп қалың көпшіліктің қошметіне бөленді.



«Гүл көбелек», «Қуыршақ барби», «Прекрасное далеко», «Сарыжайлау», «Әсем ән», «Мен қазақтың қызымын», «Қазақстан Отаным» атты әндерді орындап патриоттық жанр болсын, көңілді әуендер болсын бәрін-бәрін бір-бірінен асып түспесе кем түспейтіндей орындаулар болды. Тек әншінің ғана емес шын Шәмшінің қатарын толықтыратын өнерпаздардың өсіп келе жатқанына ұйым қызметкерлерінің көзі жетіп, жетекшісі А. Кемелханқызына деген ыстық ықыластарын жасыра алмады.



### «Disney»-Фортепиано үйірмесі

Өнер әлемі сан тарау. Сан тараулы жол санаулы өнерден тұрмасы анық. Қолына домбырасын алып, екі ішекті аспаптың құдіретін түсіне білген күйшілердің қатарын күміс көмей, жез таңдай әншілеріміз жалғастырса, кейін мың бұралған бишілеріміз де сахнаның сәнін келтіріп, көркін қыздырды.

Талайды талантымен тамсандырған, шын шеберліктерін шыңдай білген жас бишілеріміздің өне бойына би әлемінің қыр-сырын танытып, бойына ерекше қасиетті дарыта білген маманымыз Хореограф Томирис Асылбекқызының дайындаған оқушылары да көрерменді керемет би әлеміне апарып, тамсанып қайтты.



**«Самолет» әні**



**«Нәр ағашы» домбырашылар ансамблі**



Әні мен күйі жарасқан жас бүлдіршіндеріміздің қатары тек өнер жағынан емес спорттан да кенде емес екендіктерін көрсетті. Қосымша білім беру педагогтарының арасында біліммен қатар спортты да жанына серік еткен жас мамандарымыз иіні қатпаған жас балапандарды өз иініне келтіре алды.



Нұрғиса Тілендиевтің «Саржайлау» шығармасын үрмелі аспап үйірмесінің оқушылары ш орындады.



**«ВИА» сахнада**



Концерт соңында үйірме жетекшілерінің I жарты жылды «Жаңа жыл» әнімен қорытындылады.

Екінші жарты жылдықта 12-17 мамыр айының аралығында үйірмелердің ашық сабағы өткізілді.

**1.Тілдік бағыт бойынша:** ағылшын тілі үйірмесінің жетекшісі Сапарғалиева Эльзада және Жусупова Гулмира 5-мамыр күні «English-is fun» тақырыбында 5-8 сыныптарына мастер класс, Жусупова Гулмира 15-мамыр күні 3 «а» қазақ сыныбына «Learn and play» тақырыбында, кәріс тілі үйірмесінің жетекшісі Сафарғалиева Ақсезім 4-7 сыныптарға «Телефонмен әңгімелесу» тақырыбында ашық сабақ, ағылшын тілі үйірмесінің жетекшісі Санатова Жібек 2 «а» орыс сыныбына «Review» тақырыбында, Жаңаберген Жансая 2а қазақ сыныбына «Colors and Clothes», Жумабаева Арайлым 1сыныбына «The Abc party» тақырыбында ашық сабақтар жүргізді. Ашық сабаққа сынып жетекшілері мен ата-аналар қатысты. Оқушылардың үйірмеге деген қызығушылығын және ұстаздардың сабақ өткізу шеберлігіне риза болып ата-аналар алғысын білдірді. Сұрақтар қойып, ұсыныстар айтылды. Ақылы ағылшын тілі үйірмесінің жетекшілері Сапарғалиева Эльзада және Жусупова Гулмира «Show you Know» тақырыбында кездесу кешін өткізді.

**Ментальды арифметика** үйірме жетекшісі Сағынбаева Айкен «Жылдам есеп-зерек ой» атты ментальды арифметика үйірмесіне қатысушылар арасында сайыс ұйымдастырды. Сайыстың мақсаты-оқушылардың есепке деген қызығушылығын арттыру және оқушының ойлау қабілетін жылдам шешімін табуға қалыптастыру.

**2. Спорттық бағыт бойынша** шахмат үйірмесінің жетекшісі Қосалов Талант «Шахмат-ақыл ой спорт түрі» тақырыбында сайыс, Баскетбол үйірмесінің жетекшісі Ниязов Мұрат «Баскетбол техникаларын жетік меңгеру» тақырыбында оқушыларға мастер класс өткізді. Волейбол үйірмесінің жетекшісі Кушербаев Дәурен 3-5 ақылы сыныптарға «Волейбол ойын техникасы» атты ашық сабақ өткізіп волейболдың техникалары және ойнау әдістерін үйретті. Жоғарыда көрсетілген үйірмелер бойынша I және II жартыжылдық қорытындысы негізінде шығармашылық бағыт бойынша екі рет есеп беру концерті өткізілді. Тілдік бағыт бойынша ашық сабақтар, спорттық бағыттағы үйірмелері бойынша түрлі жарыстар мен ашық сабақтар өткізілді.

**3.12-сәуір ғарышкерлер күніне орай шығармашылық бағыттағы барлық үйірме жетекшілермен бірге «Шексіз әлемге жұлдыздар сапары» атты есеп беру концерті ұйымдастырылды**

Концертте вокал, хореография, дәстүрлі ән, заманауи би және виа үйірмесінің өнерпаздары қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Концерт соңында мектеп директоры А.Арынғазиева оқушыларға және үйірме жетекшілеріне алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.



Фортепиано үйірмесі



Фольклорлық ансамблі жетекшісі-Ғалымжанова Нұрай



**Домбыра үйірмесінің оқушылары**



**Вокал үйірмесі жетекшісі-Есболаева Ақторғын**



Үйірме жұмысының қорытынды концерт өте жоғары дәрежеде өтті. Ата-аналар мектеп әкімшілігіне және үйірме жетекшілеріне алғыс білдірді.

Әрбір адам өмірінде алар орны ерекше жалпыхалықтық мереке - 1 қыркүйек Білім күні. Осы мерекеге орай мектебімізде 1-ші және 11-ші сынып оқушыларына арналған үлкен салтанатты шара өткізілді. Шара барысында директор сөз алып барша мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндер мен түлеп ұшқалы тұрған барша түлектерге сәттілік тілеп, ақ тілегін жаудырды.

Мерекелік шара әр қарай оқушылардың флешмобымен бастау алып және 11 сынып оқушыларының мектеп әндерімен жалғасын тапты.



## 🌐 🇰🇿 ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ – ТАТУЛЫҚ ПЕН ТІЛГЕ ТАҒЗЫМ МЕРЕКЕСІ! 🇰🇿 🌐

Тіл – ұлттың жаны, рухани қазынасы.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Бұл елде түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен бірлікте, өз ана тілін, мәдениетін сақтай отырып, ортақ Отанымыздың өркендеуіне үлес қосып келеді.

📅 5 қыркүйек – елімізде Қазақстан халқы тілдері күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келуімен де ерекше мәнге ие.

📖 Бұл мереке:

- әр халықтың тіліне деген құрметті арттырады;
- мемлекеттік тілді – қазақ тілін дәріптеуге мүмкіндік береді;
- ынтымақ пен бірлікті нығайтатын маңызды күн болып саналады.

Қазақ тілі – елдігіміздің негізі,

Басқа ұлт өкілдерінің тілі – достығымыздың дәнекері.

Тіл арқылы біз мәдениетімізді танимыз, тарихымызды құрметтейміз.

💬 Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай:

«Тілі жоғалған жұрт – өзі де жоғалады».

Сондықтан тіл – әрқайсымыздың жүрек төрімізде тұруы тиіс.

☀️ Тіліміз тірегімізге айналып,

Татулығымыз тұғырлы



болсын!

**ЖАС ЖОЛАУШЫ ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БІЛУІ КЕРЕК!**

Қауіпсіздік – әр адамның өмірінде маңызды орын алады.

Ал жолда жүру ережесін білу – әсіресе жас жолаушылар үшін **міндет әрі қажеттілік!**

Жол – жай ғана қозғалыс алаңы емес. Ол тәртіп пен сақтықты талап етеді.

Қай кезде тоқтау керек?

Қайда өту қауіпсіз?

Бағдаршам не дейді?

● Осы сұрақтарға дұрыс жауап бере алу – **сауатты жолаушының** белгісі.

🚫 «Жол ережесін бұзбайық!» – бұл жай ғана ұран емес. Бұл – **өміріміздің сақшысы.**

👉 **Бір сәттік салғырттық – үлкен қауіпке** апарады.

👉 **Жолда жүру мәдениеті – өзіңе де, өзгеге де құрмет.**

📍 Қай жерде жүрсең де – **сақ бол, ереже сақта, үлгі бол!**

Өйткені сен – **жас жолаушы, болашақтың саналы азаматысың!**



Қыркүйек - күз айы. Күз мезгілі еңбек адамының жиын-терін уақыты, астық пісіп, қамбаға құйылар сәт. Сондай-ақ сан салалы кәсіп иелері бір кісідей қызметке жұмыла кірісетін уақыт. Сондықтан, халқымыз күз мезгілін берекелі, мерекелі мезгіл деп санаған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі бағыттарының бірі – Еңбек бағыты. Эстетикалық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Еңбек түбі – берекелі!» атты іс-шарасы басталып, үзіліс уақыттарында жалғасын тапты.



5) **Көңілді үзіліс.** Танграм. Ұйымдастырушы: Басқатырғы. Қуатова Б., Сағдатова Қ.



## ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТЕЙІК! 🤝

Қария – қазына.

Олар – өмірдің талай белесін артқа тастап,  
бүгінгі ұрпаққа тәлім мен тәрбие, өсиет пен өнеге қалдырған асыл жандар.

Олардың әр әжімі – көрген күннің куәсі,  
әрбір ақылы – өмірдің сабағы.

✨ «Атаңа не істесең, алдына сол келеді» дейді дана халқымыз.

Сондықтан **үлкенге құрмет, кішіге ізет** көрсету – біздің ұлттық тәрбиеміздің өзегі.

📌 «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» акциясы оқушыларды ізгілікке, жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеуге бағытталған. Кейде жылы сөз, бір шымшым көңіл – үлкен демеу болуы мүмкін.

💬 Көмек қолын созайық:

- Жалғызбасты ата-әжелердің халін сұрайық
- Үй жұмысына жәрдемдесейік
- Қариялардың әңгімесіне құлақ асып, көңіл бөлейік

Өйткені біз оларды ұмытқан жоқпыз,  
олар – **біздің тарихымыздың тірі куәсі,  
рухани байлығымыздың иесі!**



## **Ырғаққа бөлен, шабытпен шалқы, Өнерге бас иіп, көңілмен қарсы ал!**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде жылдық және айлық жоспарға сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылуда. Үнемі: Мектеп оқушыларын техникалық қауіпсіздігін сақтау, мектептің ішкі тәртібімен таныстыру, «Жол жүру ережесін еске түсіреміз» қауіпсіздік шаралары, «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында сақтық шаралары, «Тазалық, тәртіп – басты міндет» түсіндірме жұмыстары жасалуда.

Күнделікті үзіліс уақытында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, «Өнегелі 15 минут» ата-аналар мен балалар жеке әңгімелесуі, «Үнемі тұтыну» табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша нұсқаулықтар, жадынамалар әзірлеу, «Күй күмбірі» қоңырау уақытында күй тыңдау, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үзіліс кезеңдерінде кітап оқу жұмыстары


Ал, апта сайын «Апта дәйексөздері» ұлағатты сөздер орналастыру, «Қауіпсіздік сабағы» өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу бойынша ақпарат беру, Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу шаралары жүзеге асырылуда және асырылады.

Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің демекші, 1-қазан қарттар күніне орай күзгі демалыс уақытында кеше ғана сайланған мектеп парламентімен бірге жалғыз басты және көп балалы отбасылардың үйіне барып, азық-түлік және жекеге қажет заттармен қамтамасыз етуді жөн көріп отырмыз.


Мұғалім — мамандық, ұстаздық — қасиет. Яғни, ұстаз болу — адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар ғұмырын осы салаға арнаған құрметті ұстаздарға мектебімізде үлкен шара болып өтті. Шара 1-2 қазан күні 10 сыныптардың күтіп алуымен, 3 қазан 11 сынып оқушылардың құрметімен жалғасты.



Келесі 4 қазан күні мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «дублер күні» ұйымдастырылды.



Сонымен қатар, «ұстаз жеңіс төрінде» тақырыбында мұғалімдер арасында эстафеталық жарыс өткізілді. Әрі қарай, жас ұстаздар ұйымдастыруымен үлкен мерекелік шара өткізілді.



Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды. 3 сынып оқушылары «ұстазым» әнін орындады.



Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында қазан айының 3-ші жексенбісі мектеп парламентінің құрамы жасақталды. 2024-2025 жылғы оқу жылының ЖОББ Smart Bilim МГ-ның Парламент құрамы әр бағыт бойынша 20 оқушымен жасақталды.



**🎵 РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ – «ӘНҰРАНДЫ ОРЫНДА» ЧЕЛЛЕНДЖІ!**  
25 қазан – Республика күні, еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тарихи қадамының маңызды белесі.

Осы атаулы мерекеге орай  
барша қазақстандықтарды  
«Мемлекеттік Әнұранды орында» челленджіне қатысуға шақырамыз!

🎤 Бұл –

- Елге деген сүйіспеншілікті білдіру
- Бірлікті, патриоттық сезімді ояту
- Жастарға мемлекеттік рәміздерге деген құрметті насихаттау

📺 Қатысу шарттары:

1. Қазақстан Республикасының Әнұранын жүрекпен сезіне отырып орындаңыз
2. Видеоны әлеуметтік желіге жүктеп,
3. #ӘнұранОрындау #МенҚазақстанПатриотымын #РеспубликаКүні2025 хэштегін белгілеңіз
4. Өз достарыңызды, сыныптастарыңызды, әріптестеріңізді белгілеуді ұмытпаңыз!

🇰🇿 **Бірге шырқаған Әнұран – елдіктің үні, жүректегі рух, ортақ мақтаныш!**  
Кел, сен де қосыл!



**25 ҚАЗАН — РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

ұл күн — **егемен ел ретінде қалыптасу жолындағы тарихи бетбұрыс**, халқымыздың таңдауын айқындаған маңызды мереке.

📅 **1990 жылдың 25 қазанында** Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы

Декларация қабылданып, еліміздің тәуелсіздікке бастар алғашқы қадамы жасалды.


Бұл – ұлт болып ұйысқан, мемлекет болып қалыптасқан күн!

Республика күні –

Бұл тек күнтізбедегі дата емес,

Бұл – **ұлттың рухын көтеретін,**

**елдік пен еркіндіктің мәнін сезіндіретін ұлы күн!** Бүгінгі бейбіт өмір, ашық аспан, еркіндік пен тұрақтылық – бабалар арманы, қазіргі ұрпақтың жауапкершілігі. Қазақ елі – бірлік пен берекенің, ынтымақ пен татулықтың алтын бесігі. Әрбір азаматы – Отанның тірегі, болашақтың иесі. Бүгін – Қазақстан Республикасының мәртебесі асқақтап, көк туы көкте желбіреген күн!



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «қамқор» жобасы аясында «Салауатты өмір салтын ұстанайық» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында спорттық эстафета өтті. Сайыс мақсаты: қатысушыларға салауатты өмір салтын дәріптеп, жылдамдық пен ептілікті қалыптастыру.



Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Салауаттылық – саулық кепілі, ал, саулық – байлық кепілі. «Біртұтас бағдарламасын» іске асыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде «Денсаулық – зор байлық» атты фестиваль өткізілді.

Фестиваль таңғы жаттығумен басталып, марафонмен жалғасты. Сонымен қатар, қол күрес, шахмат, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, ләңгі тебу ойындары өткізілді. Белсене қатысқан оқушылар 1,2,3 орындармен марапатталып, алғыс хаттарға ие болды.



Жанару күніне орай Тамаша жаналық! Спаркло фондаматы енді біздің мектебімізде. экологиялық таза өмір салтын қолдауға керемет мүмкіндік! Мақсаты: оқушылар пластик бөтелкелерді қайта өңдеуге тапсырып, бонустар жинау арқылы тек өзіңе пайда әкеліп қоймай, қоршаған ортаға да үлкен үлес қосу!



**қоқысты қайта өңдеу – толықтай мүмкін және өте маңызды процесс.** Қайта өңдеу – қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды үнемдеудің, қалдықтарды азайтудың ең тиімді жолдарының бірі.

#### **Қайта өңдеуге болатын негізгі қоқыс түрлері:**

1. **Пластик** – бөтелкелер, пакеттер, контейнерлер
  - Қайта өңделіп, жаңа қаптама, киім, құрылыс материалы болуы мүмкін.
2. **Қағаз және картон** – ескі дәптер, газет, қорап
  - Қайта өңделіп, жаңа қағаз өнімдері, жұмсақ орамалар жасалады.

**Шыны** – банкалар, бөтелкелер

➤ Балқытылып, қайтадан жаңа шыны бұйымдарға айналады.

**Металл** – алюминий банка, консерві қалбырлары

➤ Металл қалдықтар өңделіп, техника немесе құрылыс заттарына қолданылады.

**Органикалық қалдықтар** – тамақ қалдығы, өсімдік бөлігі


➤ Тыңайтқыш немесе биогаз жасау үшін қолданылады.

#### **Қайта өңдеудің пайдасы:**

- ✔ Табиғи ресурстарды үнемдейді
- ✔ Ауа мен судың ластануын азайтады

Мектебімізде отбасы күніне орай 2-3 сыныптар арасында «Менің бақытты жанұям» сурет салу, «Менің берік отбасым» фотокөрме байқауы өткізілді.

Мақсаты: Бала бойына байқау арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату.



«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының кезекті отырысы өтті. Отырыстың негізгі мақсаты – оқушылар арасында **адалдық, әділдік, жауапкершілік** сынды адамгершілік құндылықтарды насихаттау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болды.

◆ Ис-шара барысында клубтың өткен кезеңдегі атқарған жұмыстары сараланып, жаңа бағыттағы жобалар талқыланды.

◆ Оқушылар өз ой-пікірлерін еркін жеткізіп, адалдық туралы пікір алмасып, ұсыныстарын

ортаға салды.

◆ Сонымен қатар, алдағы уақытта өткізілетін «Адалдық сағаты», «Таза мектеп», «Адал еңбек – ардың ісі» сынды іс-шаралар жоспары құрылды.

👤 Отырыс оқушылардың бойында азаматтық ұстанымды, жауапкершілікті, әділеттілікке деген көзқарасты қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

🌟 Адал ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!

Біз – адалдықты ұстанған, әділет жолын таңдаған ұрпақпыз!



## 16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! kz

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы, талай тар жол, тайғақ кешумен келген қасиетті жеңіс!

🌟 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі ресми түрде жарияланып, бүгінгі еркін, егемен еліміздің жаңа тарихы басталды.

Бұл күн –

◆ Ел болудың,

◆ Еркіндік пен теңдіктің,

◆ Тіл мен діннің,

◆ Тарих пен тағдырдың мерекесі!

Тәуелсіз ел болу – тек ту көтеріп, әнұран шырқап қою емес.

Бұл – **жеріне, еліне адал болу,**

тарихты құрметтеу,

рухани байлықты сақтап,

жаңа биікке бірге ұмтылу.

Бақыт – еркіндікте!

Еліміз аман, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

1991 жылдан басталған еркіндік жолы –

Мәңгілік елге апарар даңғыл!

Қазақ елі –

Тарихы терең, болашағы биік Тәуелсіз мемлекет!



«Би калейдоскопы» – ырғақ пен өнер мерекесі! 🎭

Би – бұл тілсіз тіл,

Жүректен шыққан әуенге дененің жауап қатуы,

Жанды тебіренгіп, көңілді тербететін өнер!

★ Бүгінгі «Би калейдоскопы» атты кеш –

эр ұлттың, әр дәуірдің, әр көңіл-күйдің биі тоғысқан,

бір сахнада түрлі стильдер мен мәдениеттер үндескен ерекше мереке!

Бұл кеш –

Жастардың шығармашылығын,



бірлігін,  
шабытын,  
және өз мәдениетіне деген махаббатын паш ететін ерекше сәт.  
Би – жүректің сөзі.  
Ал «Би калейдоскопы» – сол жүрек сөзінің түрлі  
түске боялған көркем бейнесі.

Мектебінде 7-ші сынып оқушыларымен Ү-Реег Казакстан волонтерлар клубы «теңбе-тең» тәсілі арқылы жастар бойында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған еріктілер қозғалысы, буллингтің алдын-алу бойынша тренинг өткізілді.



23 қазанда мектебімізде «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік іс - шара ұйымдастырылды. Мектеп директоры қамқоршыларға алғыс айтып, алғыс хаттармен марапатталып, шағын сый тартылды. Олар «Қамқоршылар күні» құрметіне тапсырылған грамоталарды қуана қабылдады және аталған іс-шараны ұйымдастырушыларға өздеріне көрсеткен жақсы көңіл-күймен, жылы қарсы алғандары үшін алғыстарын білдірді. Іс-шара әсерлі және достық деңгейде өтті.



Ұлттық мереке 25-қазан Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру, жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту мақсатында мектебімізде Республика күні аталып өтілді.



Ағымдағы жылдың 26 желтоқсан күні мектебімізде дәстүрлі «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. Байқаудың басты мақсаты – өнерлі ұстаздар шығармашылық қабілеттерін дамыту, мектеп қауымдастығының бірлігін нығайту, сахна мәдениетін қалыптастыру. Іс-шараға жалпы саны 11 жұп қатысты. Әр жұп екі ұстаздан құралды. Қатысушылар байқауға белсенділікпен қатысып, 2023-2024 жылдардағы хит әндерді орындады. Әндердің мазмұнына, орындаушылық шеберлігіне, сахналық киім үлгісіне және жұптардың үйлесімділігіне ерекше назар аударылды.

Байқау нәтижесінде қазылар алқасының шешімі бойынша:

Бас жүлде – Қазақ тілі әдебиеті ӘБ орыс сыныптарында Бегенов Ғ., Жоламанова Л.

I орын – Физика-математика ӘБ Іңкәрбек Т., Қуанар А.

II орын – Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ қазақ сыныптарында Ташпенова Д., Абдешева Ж.

III орын – Бастауыш пәндер ӘБ қазақ сыныптарында Шампишова А., Сақыпкерей М.

III орын – Эстетика ӘБ Сембаев Н., Конарбаева А.

Барлық қатысушыларға алғыс хаттар табысталып, жүлделі орын алғандарға дипломдар мен сыйлықтар ұсынылды. Байқау жоғары деңгейде өтті, қатысушылар мен көрермендер ерекше әсер алды.

Бұл байқау мектеп ұжымының шығармашылық әлеуетін арттыруға, ұстаздар мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор ықпал етті.



19 желтоқсан мен 25 желтоқсан аралығында мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне орай салтанатты кештер өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың мерекелік көңіл-күйін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және бірлік пен достықты нығайту.

Әр күн сайын әртүрлі сыныптарға арналған жаңа жылдық бағдарламалар ұйымдастырылды.

Оқушылар мерекелік әндер айтып, билер билеп, қойылымдар көрсетті. Әр сынып ерекше дайындалып, өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетті.

Кеш барысында Аяз Ата мен Ақшақардың қатысуымен ойындар өткізіліп, үздік өнер көрсеткен сыныптар марапатталды. Сонымен қатар, оқушыларға тәтті сыйлықтар таратылды.

Іс-шараның нәтижесінде оқушылар арасында мерекелік көңіл-күй қалыптасып, шығармашылық белсенділік артты. Жаңа жыл кеші жоғары деңгейде өтіп, барлық қатысушылар ерекше әсер алды.





### ⊗ Жемқорлыққа қарсымыз! ⊗

Біз – жаңа Қазақстанның жас ұрпағымыз.

Біз – әділдік пен тазалықты ту еткен қоғамның белсенді мүшесіміз.

Жемқорлық – тек заң бұзушылық емес, ол – елдің дамуына, ұлт болашағына кедергі.



- ◆ Адалдық – адамдықтың айнасы.
- ◆ Әділдік – жарқын болашақтың кепілі.
- ◆ Таза ниет – сенімді қоғамның негізі.

Біздің таңдауымыз – адал еңбек, әділетті жол, саналы өмір!

📢 «Жемқорлыққа жол жоқ!» деген үнді  
 әр азамат жүрегінде ұстанса,  
 ертеңіміз сенімді, еліміз өркениетті болары сөзсіз.

Біз – жемқорлыққа қарсымыз!

Біз – адалдықты қолдаймыз!



### Өткізу мақсаты:

Оқушыларға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өмір жолы мен ел дамуына қосқан үлесі туралы мағлұмат беру;

Оқушыларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні туралы тарихи мағлұмат беру;

Отансүйгіштікке, патриоттық рухта тәрбиелеу;

Елбасына құрмет көрсету, тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру.

Өткізу мерзімі: 29 қараша, 13 желтоқсан 2024 жыл

Іс-шараға қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары

Іс-шара түрлері:

1-4 сыныптарда – «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында әңгімелеу және сурет байқауы.

5-8 сыныптарда – «Тұңғыш Президент – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында презентациялар мен эссе байқауы.

9-11 сыныптарда – «Елбасы жолы» тақырыбында бейнероликтер көрсету және ашық тәрбие сағаттары.

1-4 сыныптарда «Туған жердің туын биік ұста» ашық тәрбие сағаттары.

5-8 сыныптарда «Егемен елдің ұл-қызы» ашық тәрбие сағаттары.

9-11 сыныптарда «Ел тарихы – ерлік дастаны» ашық тәрбие сағаттары.

Нәтижелер:

Оқушылар Қазақстан тарихы мен Елбасының өмір жолы, Тәуелсіздік туралы тереңірек қанықты.

Қорытынды: Тәрбие сағаттары жоспарланған деңгейде өтті. Оқушылардың таным көкжиегі кеңейіп, патриоттық сезімі арта түсті.



21 желтоқсан күні мектебімізде қосымша білім беру ұйымының "Сиқырлы жолдармен Жаңа жылға" тақырыбында 1-ші жарты жылдық есеп беру концерті өтті.

Өткізу мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсету;

Жаңа жылдық мерекелік көңіл-күй сыйлау;

Ата-аналармен кері байланыс орнату.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері көрсетілді;

Іс-шараға жалпы саны 400 оқушы қатысты.

Концерт жоғары деңгейде өтті. Оқушылардың өнер көрсетуі ата-аналар мен мұғалімдердің көңілінен шықты.



Балаларға заңғар тау, тас қамалдай асқарлы рөлін, олардың қолдауын сезіндіру, жас толқынға әке еңбегін насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобасы аясында «Әкелер мектебі – ұрпақ тәрбиесінің алтын қазығы» атты әкелермен кездесу кеші өтті.



Қазақтың ұлттық өнері, жас ұрпаққа ұлттық өнерімізді таныстыру, қазақ халқының дәстүрлері айтыс өнерінің құндылықтарын жеткізу мақсатында 29 қаңтар күні айтыскер ақын, көптеген өлеңдердің авторлары және орындаушылары Қайнар Алағезов пен Аян Сейтов қонақта болды.



Мектебімізде I жартыжылдық қорытындысы негізінде 1 ақпан күні «Мектеп, ата-ана, оқушы: біртұтас тәрбие жүйесіндегі серіктестік» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа оқушылардың оқу үлгерімі сонымен қатар тәртібі жайында айтылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұсынылды.




Қыз балаға ананың бала тәрбиесіндегі маңызды рөлін, бала өміріндегі ерекше ерен еңбегін насихаттау мақсатында біртұтас бағдарламасы мен даналық мектебі жобасы аясында «Ана мен бала – біртұтас әлем» атты аналармен кездесу кеші ақпан айының 7 күні өткізілді.



1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Соғыс– зұлымдық. Жазықсыз төгілген қан. Тарих жылнамасынан өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі –Ауған соғысы.

Өткеніміз еске қалу жолында және оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында, 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай, Құндыз жерінде әскери қызметін өткерген Ауған соғысының ардагері Нұрмағанбетов Бауыржан Избаскановичпен кездесу кеші өткізілді.



Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жалпы орта білім беретін «Смарт-Білім» мектеп-гимназиясы 1 наурыз алғыс айту күні, 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі, 14 наурыз көрісу күні және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай жасалған іс-шара туралы ақпарат.

**1 наурыз – Алғыс айту күні** Қазақстанда жыл сайын атап өтілетін маңызды мерекелердің бірі. Бұл күннің негізгі мақсаты – ел ішіндегі татулықты, бірлікті, достықты нығайту және адамдардың бір-біріне деген ризашылығы мен құрметін арттыру. Осы тұста мектеп парламенті «Алтын жүрек» челленджіне қатысып, мектеп ауласының қарларын тазартып үлкенге құрметі мен кішіге ізетін білдірді.

Сонымен қатар, 1-11 сыныптары бірыңғай сынып сағаттары жүргізілді.



8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай ұстаз әйелдер қауымна құрмет көрсету, ананың мейірімі мен әйел затының қоғамдағы орнын дәріптеу мақсатында ер-азаматтардың ұйымдастыруымен мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мерекелік кеште әсем ән, көркем сөз бен поэзиялар оқылып, сахиналық қойылымдар қойылды.



Сонымен қатар, мектеп түлектері әйел ұстаздарға арнап арнайы мерекелік кеш ұйымдастырды.



Арулардың зердеге тоқыған тәрбиелілігін, өнерге деген талпыныстарын, сымбаты мен сұлулығын анықтай отырып, эстетикалық тәлім - тәрбие беру, оқушыларды адамгершілік пен мәдениетке баулу, шығармашылық және көркемдік қиялдау қабілетін дамыту, өнер арқылы ұяңдыққа, биязылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, 10 сынып қыз балалары арасында «Сұлулық сезімі» байқауы өткізілді.



14 наурыз – Аман мерекесіне орай мектебімізде ұлттық дәстүрлерді дәріптейтін мерекелік шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар ұлттық киім киіп, қазақтың салт-дәстүрлерін сахналады. «Көрісу күні» аясында оқушылар мен ұстаздар бір-біріне ізгі тілектерін білдірді. Ұлттық ойындар ойнатылып, ән-күймен жалғасқан бұл күн ерекше көңіл-күй сыйлады. Шара оқушыларды бірлікке, құрмет пен ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеуді мақсат етті.




Осы орайда, «Көрісу – береке бастауы» көрісу күніне орай бірыңғай тәрбие сағатты өткізілді.



Ұлттық киім – қазақ халқының мәдени мұрасы, тарихы мен дәстүрін айқындайтын маңызды элемент. Әрбір киімнің өзіндік мағынасы мен мәні бар, ол ұлттық бірегейлікті көрсетеді. Осы тұста мектеп әкімшілігі 18 наурыз ұлттық киім күніне орай видео үндеу түсірілді.



22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай мектебімізде «Наурыз думан» мерекелік шара ұйымдастырылды. Шарада ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар насихатталды. Оқушылар ұлттық киім киіп, ән айтып, би билеп, театрландырылған көріністер қойды. Бұл шара оқушыларға ұлттық құндылықтарды сіңіріп, бірлік пен татулықтың маңызын ұғындыруға бағытталды.



Мектебімізде даналық мектебі жобасы аясында «Әжемнің ертегілері» атты тәрбиелік мәні зор мерекелік шара ұйымдастырылды. Шараға оқушылар өз әжелерімен бірге қатысып, қазақ халық ертегілерінен үзінділерді сахналады. Әжелер немерелерімен бірге ертегі айтып, ұлттық тәрбиенің озық үлгілерін көрсетті.


Көрермендер халық ауыз әдебиетіне негізделген көріністер мен әсерлі қойылымдарға куә болды. Байқау оқушыларды үлкенге құрмет, ертегі арқылы тәлім-тәрбие алуға баулып, отбасылық құндылықтарды дәріптеуді көздеді.



Мектебімізде ұлттық өнерді насихаттау мақсатында «Күй күмбірі» челленджі аясында мерекелік шара өтті. Шара барысында оқушылар мен мұғалімдер күй орындап, домбыраның үнімен көрермендерді тәнті етті. Челленджге қатысушылар қазақтың танымал күйлерін тартып, күй тарихы мен маңызын таныстырды. Мерекелік атмосферада өткен шара ұлттық рухты көтеріп, өнерге деген қызығушылықты арттырды. «Күй күмбірі» челленджі жас ұрпақты домбырамен сырласуға, ұлттық өнерді құрметтеуге баулыды.



Арнайы мекішілік шара жоспары бойынша, 7 сыныптар арасында арнайы "Бауырсақ Party" ұйымдастырылды. Мақсаты оқушыларға нанның қадірін ұғынып, дастарханамызға үлкен еңбекпен, маңдай термен келетінін түсіндіру.



### Құстар – біздің досымыз! ❁

Құстар – табиғаттың ең сұлу, ең нәзік тіршілік иелері.  
Олар – көктемнің жаршысы, табиғаттың сәні,  
жер бетіндегі **экожүйенің ажырамас бөлшегі.**

🌍 Құстар:

- ❖ зиянкес жәндіктерді жеп, егінді қорғайды;
  - ❖ гүлдердің тозандануына көмектеседі;
  - ❖ табиғатта тепе-теңдік сақтауға үлес қосады;
  - ❖ адамға қуаныш, шабыт, сұлулық сыйлайды.
- ❖ Біз құстарды қорғау арқылы табиғатты қорғаймыз.

❖ Олардың ұясын бұзбау, жем салғыш ілу, қысқы суықта қамқорлық көрсету – **нағыз жанашырлықтың белгісі.**

📣 Біздің міндетіміз –

**Құстарды аялау, оларға қамқор болу, табиғатпен дос болу!**

Құстар – табиғаттың тілі,

Біз – табиғаттың жүрегі.

🐦 **Құстар – біздің досымыз,  
оларды қорғау – парызымыз!**



📸 «Мен ғарышкер боламын» фотосурет

### байқауы 🐦

Ғарыш – арман мен қиялдың шегі.

Ал бала арманы – болашақтың бастауы!

🐦 📸 «Мен ғарышкер боламын» атты фотосурет байқауы – оқушылардың қиялын ұштап, ғылым мен зерттеуге деген қызығушылығын ояту мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға қатысушылар өздерін болашақтың ғарышкері ретінде елестетіп, ерекше образдар мен идеялар арқылы армандарымен бөлісті.

★ Балалар – шынайы шабыт көзі.

Олардың әр суреті – биікке ұмтылу, батыл арман мен ғылымға деген ынтаның көрінісі.

✈ Байқау арқылы біз:

◆ Ғарышқа қызығушылықты арттыруды;

◆ Болашақ мамандықтар жайлы ой тастау мен шабыт сыйлауды;

◆ Еліміздегі ғарыштық жетістіктерге мақтаныш сезімін оятуды мақсат еттік.



✈ Армандаудан қорықпа!

Бүгінгі бала – ертеңгі ғалым, зерттеуші, **ҒАРЫШКЕР!**



«Жемқорлыққа жол жоқ»

**Жемқорлық** – қоғам дамуына үлкен кедергі келтіретін теріс құбылыс. Ол тек заң бұзушылық емес, ол – әділетсіздік пен сенімсіздік тудыратын әрекет. Мұндай жолға түскен адам тек өзіне ғана емес, айналасындағы адамдарға, қоғамға, мемлекетке зиян келтіреді. Таза қоғам – әр адамның адалдығы мен жауапкершілігінен басталады. Егер әр азамат өз ісіне әділдікпен қарап, адал еңбек етсе, елімізде жемқорлыққа орын қалмас еді. Бұл – біздің санамыздан, тәрбиемізден басталатын күрес.



**Мақсаты:**

Оқушылардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

**Қатысушылар:**

Бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары (топтарға бөліп өткізуге болады)

**Ұсынылатын ойындар:**

1. "Кім жылдам?"

– Арақашықтықты жүгіріп өтіп, белгіленген межеге жету (эстафета форматы).

## 2. "Секір, тоқта!"

– Музыкамен жүргізіледі. Музыка тоқтағанда — балалар да тоқтап қалуы керек.

## 3. "Допты жеткіз"

– Екі қатар, допты бастан асырып немесе аяқ арасымен бір-біріне беру.

## 4. "Таяққа отырып жарысу"

– Балалар таяқша немесе шелекпен жарысады. Қызықты, көңілді ойын.

## 5. "Кедергіден өт"

– Конустар арасынан жүгіріп өту, секіру, еңбектеу, шеңберден өту.



## 1 мамыр.

### Халықтар бірлігі күні.

Достық тұғыры бейбітшілікте...

Бүгін біз әр ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениетін құрметтеп,

бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан ел екенімізді тағы бір дәлелдеп отырмыз.

«Ұлттар шеруі» – бұл әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара сыйластығын, достығын, бірлігін көрсететін тамаша мереке.

Қазақ, өзбек, ұйғыр, орыс, татар, кәріс, неміс, дүнген –

бәріміздің жүрегіміз бір, тілегіміз ортақ –

бейбіт өмір, жарқын болашақ!

🌸 Бүгінгі шеруде:

– Ұлттық киімдер

– Ұлттық би мен ән

– Әр халықтың тағамы мен дәстүрі

– Мәдениеттердің көптүрлілігі мен бірліктің әсем көрінісі бар.

👉 Біз әртүрліміз – бірақ біргеміз!

Бейбітшілік пен келісім – біздің басты байлығымыз!



## 🌸 ❖ ОЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ – ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ! ❖ 🌸

Бүгін біз мектеп өміріне белсене араласып,  
ұйымдастырушылық қабілетімен, көшбасшылық қасиетімен ерекшеленген  
өзін-өзі басқару ұйымының белсенді мүшелерін марапаттап отырмыз!

🌟 Олар – оқушылардың үні, сынып пен мектеп арасындағы көпір,  
жауапкершілікті сезіне алатын, өзгеге үлгі болар жастар.

Идея ұсынып қана қоймай, оны жүзеге асырып,  
ортаға серпін, мектепке рух беріп жүргендер – дәл осылар!

👏 Құрметті жас көшбасшылар!

Сіздердің бастамашылдықтырыңыз, ұйымшылдығыңыз,  
белсенділігіңіз – мектеп өмірін мазмұнды етіп келеді.

Біз сіздермен мақтанамыз!

👏 Бүгінгі марапат – сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі.  
Алда да биік белестерге бірге жетейік!



## 📣 СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ! 📣🔔

Сыңғырла, соңғы қоңырау — балалықты қимай,  
арманға қарай жол ашқан үн болып!

Бүгін мектеп қабырғасындағы жылулық пен естеліктерге толы сәттердің шымылдығы  
жабылады.

Бүгін — жас түлектер жаңа өмірге алғашқы қадам басатын күн.

👏 Қолға – аттестат, жүрекке – үміт толы.

Тәтті естеліктер мен балғын шақтар артта қалып,  
алдымызда — үлкен өмір, биік мақсаттар, асқақ армандар тұр!

Мектеп — сіздердің өмірлік жолдарыңыздың бастауы.

Сол жол жарқын, сол жол жеңісті болсын!

Сыңғырла, соңғы қоңырау —

жүректерде қимастықтың үні, көздерде арманның нұры боп сыңғырла!



«Смарт-Білім» мектеп – гимназиясы сынып жетекшілері арасында «ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ» байқауы өткізілді.

### ЕРЕЖЕСІ

Жалпы орта білім беретін «Смарт Білім» мектеп – гимназиясы сынып жетекшілері арасында үздік сынып жетекші байқауын өткізеді.

Байқау 9 қаңтар мен сәуір айының 18 дейін өтеді.

Бұл байқау сынып жетекшілерді кәсіби тұрғыдан жетілдіру мен қызметінің беделін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату, сынып жетекшілердің жеке қабілеттері мен тиімді тәрбие технологияларын анықтау, сондай-ақ өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамыту үшін жағдай жасау мақсатында өткізіледі.

### Байқау міндеті:

- 1.Тиімді тәрбие технологияларын анықтау;
- 2.Кәсіби және шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту класс жетекшіге қолдау көрсету;
- 3.Класс жетекші еңбегінің әлеуметтік және адамгершілік маңызын арттыру.

Үздік сынып жетекші атағына үміткердің қызметін бағалауды мониторингтеу мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

### **Байқау III кезеңнен тұрады:**

I кезең –“Менің көңілді әрі тату сыныбым” тақырыбындағы видеоролик (оқушылармен жұмысты ұйымдастыру және мектептің ата-аналармен өзара іс-қимылы). (31.01)

II кезең - Ашық сынып сағатын өткізу (сынып сағаты жоспарына сәйкес).(28.02)

III кезең –“Сынып жетекшісі - тәрбие іс-әрекетінің заманауи моделі” тақырыбы бойынша Мастер-класс. (18.04)

### **Байқау критерийлері:**

Педагогикалық шеберлік;

Оқушылармен тиімді қарым-қатынас;

Ата-анамен жұмыс;

Шығармашылық тәсілдер;

Тәрбие жұмысындағы жетістіктер;

Педагогикалық құжаттардың сапасы;

Ұлттық құндылықтарды дәріптеру;

Жанашылдық пен инновациялық әдістердің қолданылуы;

Кәсіби даму;

Оқушылардың жетістіктері мен белсенділігі.

### **ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ШЕШІМІ ТАЛҚЫЛАУҒА ЖАТПАЙДЫ!**

### **Марапаттау рәсімі:**

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар мектеп директорының дипломымен және қаржылай сыйақымен марапатталды.

**ҚАПАШЕВА АЙЖАН БАЙРАНБАЕВНА**  
9 “З” ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
БАС ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ

**НУРМАГАМБЕТОВА АЙНАШ ХАМИТОВНА**  
3 “В” ОРЫС КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
БАС ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ

**НУРМАНОВА ЖАДЫРА ФАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ**  
4 “А” ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
I ОРЫН ИЕГЕРІ

**ЕЛШИБЕКОВА ФАРИДА АЛИМБАЕВНА**  
9 “Д” ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
I ОРЫН ИЕГЕРІ

**КАБАЕВА ДИНАРА ЗАРЛЫКОВНА**  
5 “А” ОРЫС КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
I ОРЫН ИЕГЕРІ

**АЙМАҒАМБЕТОВА ЖАНГҮЛ**  
6 “F” ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
I орын иегері



Сагинтаев Айбек  
Утемисович  
9 "Б" орыс класының  
жетекшісі

I орын иегері



Шампишова Айнур  
Куанишбековна  
3 "К" қазақ класының  
жетекшісі

II орын иегері



КУШНИР ВАЛЕНТИНА  
БАСЫРОВА  
2 "К" ОРЫС КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

II орын иегері



Боранбаева Алтынгүл  
Амангалиевна  
2 "Ә" қазақ класының  
жетекшісі  
III орын иегері



ТАШИМОВА АҚГУЛ  
СЫРЫМОВНА  
5 "Д" ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

III орын иегері



КУЛЬТАЕВА ЭЛЬМИРА  
КАЙРУЛЛИНОВНА  
2 "З" ОРЫС  
КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

III орын иегері



Тлеулиева Жанар  
Есенжановна  
6 "А" қазақ класының  
жетекшісі

III орын иегері



Мусина Дамегүл Рахатовна  
1 "Б" орыс класының  
жетекшісі

III орын иегері



Абдрахман Айнұр  
Әнуарқызы  
5 "А" қазақ класының  
жетекшісі

III орын иегері



БИСЕМБИЕВА ГУЛЬМИРА  
МАЛИКОВНА  
8 "Г" ОРЫС КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

III орын иегері



Тлекбаева Марина  
Жәнібекқызы  
7 "И" қазақ класының  
жетекшісі

III орын иегері



КАЛАБАЗАРОВА ЭЛЕОНОРА  
АЛСЕЙТОВНА  
8 "Е" ҚАЗАҚ  
КЛАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

III орын иегері



Испимбетова Алмагүл  
Тагабереновна  
10 "Е" орыс класының  
жетекшісі  
III орын иегері



"Үздік класс  
жетекші-2025"



МОЛДАШЕВА АЛТЫНГУЛЬ  
АСХАТОВНА  
3 "Г" ҚАЗАҚ КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

II орын иегері



МАХАТОВА КЛАРА  
БЕРДЕНОВНА  
10 "Ж" ОРЫС КЛАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

II орын иегері



Аманкелдіқызы  
Назерке  
1 "Ғ" қазақ класының  
жетекшісі  
II орын иегері



Ұзақова Рауфа  
Берекетқызы  
6 "Б" орыс класының  
жетекшісі

II орын иегері



Расова Аяулым  
Рашидқызы  
6 "Е" қазақ класының  
жетекшісі

III орын иегері



**Мектеп жанында «Теңіз патшалығы» жазғы лагері 02.06.-13.06.2025 ж аралығында ұйымдастырылды.**

Қатысушылар: Бастауыш оқушылары

**Лагерьдің мақсаты мен міндеттері:**

«Теңіз патшалығы» жазғы лагері балалардың жазғы демалысын мазмұнды, қауіпсіз әрі қызықты өткізуіне мүмкіндік беру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат етті.

**Лагерь жұмысының негізгі бағыттары:**

Танымдық және мәдени-білім беру іс-шаралары

Спорттық және сауықтыру шаралары

Эстетикалық және шығармашылық бағыттағы жұмыстар

Саяхаттар мен серуендер

Лагерь бағдарламасы және өткізілген іс-шаралар:

**1. Мәдени және танымдық іс-шаралар:**

Керуен Сити Кінопарк кинотеатрына бару: Оқушылар танымдық әрі қызықты мультфильмдер мен фильмдер тамашалап, кино өнері туралы мағлұмат алды. Бұл балалардың мәдени талғамын дамытуға оң әсер етті.

**2. Табиғатпен үндесу:**

Табиғат аясына шығу: Ауа райының қолайлы күндері лагерь қатысушылары серуенге шығып, түрлі экологиялық ойындар ойнап, табиғатты қорғау жайында тәрбие сағаттарына қатысты.

**3. Спорттық және сауықтыру шаралары:**

Бассейнге бару: Лагерь барысында төрт мезгіл бойы бассейнге бару ұйымдастырылып, балалардың денсаулығын нығайту мен жүзу дағдыларын жетілдіру көзделді.

Ақтөбе қаласының ең керемет аквапаркіне саяхат: Бұл күн лагерьдің ең жарқын әрі есте қаларлық сәттерінің бірі болды. Балалар түрлі су аттракциондарында ойнап, көңіл көтерді.

**Спорттық ойындар:** Лагерь кезінде дене шынықтыру мұғалімі белсенділік танытып, балалармен әртүрлі спорттық ойындар ұйымдастырды. Футбол, эстафета, доппен жарыс, қозғалмалы ойындар балалардың шапшаңдығын, ептілігін арттырып, командалық рухты нығайтты.

**4. Шығармашылық бағыттағы іс-шаралар:**

«Сән көрсетілімі» – теңіз жануарлары стилінде: Оқушылар өз қолдарымен теңіз жануарлары бейнесінде костюмдер жасап, подиумда сән көрсетіп, өнерлерін ортаға салды. Бұл шара балалардың шығармашылық ойлауын, өз-өзіне сенімділігін арттырды.

**5. Ойын-сауық шаралары:**

Скурапарк ойын-сауық орталығына бару: Балалар түрлі аттракциондар мен ойындарға қатысып, бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізді.


Өткізілген іс-шаралар мен күнделікті жұмыстарға шолу:

**1-күн: Ашылу салтанаты. «Теңіз патшалығының тұрғындары» — таныстыру және қолөнер күні. Бассейн**

Лагерьдің ресми ашылу салтанаты өтті. Балалармен танысу, топтарға бөлу, тәртіп ережелерімен таныстыру жүргізілді. Лагерьдің күн тәртібі бекітіліп, қызықты ойындар ұйымдастырылды.



**2-күн: Мәдени саяхат — «Керуен Сити» кинотеатрына бару** Балалар Ақтөбе қаласындағы «Керуен Сити» ойын-сауық орталығында орналасқан «Kinopark» кинотеатрына барып, қызықты анимациялық фильм тамашалады.



**3-күн: Бассейн.** Оқушылар теңіз жануарлары жайлы бейнебаяндар көріп, түрлі қолөнер жұмыстарын жасады. Әр топ теңіз тақырыбына сай эмблема жасап, ұрандарын таныстырды.



**4-күн: Саяхат — Ақтөбе қаласындағы аквапаркке бару** Оқушылар қаламыздағы ең ірі әрі заманауи аквапаркке барып, су сырғанақтарымен ойнап, қызықты уақыт өткізді. Бұл күн лагерьдің ең есте қаларлық сәттерінің бірі болды.



### 5-күн: Ойын-сауық күні — SkyPark орталығына саяхат

Балалар «SkyPark» ойын-сауық орталығында әртүрлі батуттар, аттракциондар мен ойын құрылғыларында ойнады. Бұл күн балалардың ерекше қуанышына айналды.



### 6-күн: Спорт күні — Бассейнге бару

Балалар бассейнде шомылып, су ойындарына қатысты. Жүзу денсаулыққа пайдасы және судағы қауіпсіздік ережелерімен танысты



### 7-күн: Шығармашылық шеберлік — «Теңіз сәні» көрсетіліміне дайындық

Оқушылар теңіз жануарлары бейнесінде костюмдер жасап, сән көрсетіліміне дайындалды. Қиялға ерік беріп, әр оқушы өз бейнесін ерекше ұсынды.



### 8-күн: «Теңіз сәні» — сән көрсетілімі күні

«Теңіз патшалығы» сән көрсетілімі өтті. Оқушылар медуза, дельфин, балық, тасбақа сияқты

теңіз жануарларының образын көрсетіп, подиумда өнер көрсетті. Қазылар алқасы үздіктерді марапаттады



**9-күн: Табиғат аясындағы күн** Оқушылар таза ауада табиғатқа серуенге шықты. Экологиялық танымдық ойындар, эстафеталар, пикник ұйымдастырылды. Табиғатты қорғау туралы әңгіме жүргізілді.



**10-күн: Қорытынды күн — марапаттау және қоштасу кеші**

Лагерь жұмысы қорытындыланды. Әр бала белсенділігіне сай марапатталды. Ән айтылып, би биленіп, естелік суреттерге түсірілді. Балалар мен ата-аналар лагерьдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.



### **Ата-аналар тарапынан ризашылық пікір**

«Смарт Білім» мектеп-гимназиясының жанындағы «Теңіз патшалығы» жазғы лагерінің жұмысына ата-аналар қауымы үлкен алғыстарын білдірді. 10 күнге созылған лагерь балаларымыз үшін ерекше әсерлі, мазмұнды әрі қауіпсіз демалыс кезеңі болды. Балалар таңертеңнен кешке дейін қызықты да пайдалы іс-шараларға қатысты, жаңа достар тапты, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Әсіресе, табиғат аясына серуендер, бассейн мен аквапаркке саяхат, сән көрсетілімі мен кинотеатрға бару сәттері балаларымыздың есінде ұзақ сақталары сөзсіз. Лагерьдің әр күні балалар үшін қуанышқа, жаңа әсерлерге толы болды. Ұйымдастырушылар тарапынан балалардың қауіпсіздігі мен көңіл күйіне ерекше мән берілгені байқалды. Бұл — ата-аналар үшін ең маңызды мәселе. Біз, ата-аналар, осындай жоғары деңгейде ұйымдастырылған лагерь үшін мектеп әкімшілігіне, ұстаздар қауымына және барлық тәрбиешілерге алғысымызды білдіреміз! Болашақта осындай тамаша жобалар жалғасын табады деп сенеміз, - деп ата-аналар пікір білдірді.

### **Қорытынды:**

10 күнге созылған «Теңіз патшалығы» жазғы лагері балалар үшін өте мазмұнды әрі қызықты өтті. Әр күн оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілетін және бір-біріне деген достық қарым-қатынасын дамытуға бағытталды. Лагерь оқушылардың жазғы демалысын пайдалы өткізуіне үлкен үлес қосты.

### **Ұсыныстар:**

Келесі жылы лагерь күнін 12 күнге дейін ұзарту;

Ата-аналармен бірлескен бір күндік мерекелік іс-шара ұйымдастыру;

Шығармашылық бағыттағы үйірмелер санын көбейту (мысалы: қолөнер, сурет салу).

18-19 мамыр күні 9 және 11 кластарға аттестат табыстау рәсімі өтті.

